

ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРЛІГІ
МҮҒАЛІМДЕРДІ СЫРТТАН ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ
ҒЫЛМИ-МЕТОДИКАЛЫҚ КАБИНЕТ

12016

ДОЦЕНТ Ә. ҚОҒРАТБАЕВ

3387к

ШОЛПАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ


*Педагог институттардың қазақ тілі және
әдебиет факультеттерінің сырттан
оқушы студенттері үшін*

АЛМАТЫ — 1956 ж.

12016/33870

ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРЛІГІ
МҰҒАЛІМДЕРДІ СЫРТТАН ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ
ҒЫЛМИ-МЕТОДИКАЛЫҚ КАБИНЕТ

ДОЦЕНТ Ә. ҚОҢРАТБАЕВ



ШОЛПАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Пединституттардын казак тілі және
әдебиет факультеттерінің сырттан
оқушы студенттері үшін
көмекші құрал.

70248800

АЛМАТЫ — 1956 ж.

512.122.09

65

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 00334297

кабис

Жалпы редакциясын қараған
Ш. АХМЕТОВ

Редактор К. Касымбеков
Тех. редактор И. М. Коробко

Подписано к печати 9-ХІ—1956 г. Формат бум. 84x108¹/₃₂
Объем 4 п. л. Заказ № 556. Тираж 2000 экз.

г. Алма-Ата, тип. Минпроса, пр. Ленина, 42.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ
КІТАПХАНАСЫ
9514

АВТОРДАН

Педагогикалық институттардың сырттан оқушы студенттеріне арналған бұл көмекші құрал Қазақ ССР Оқу министрлігінің 1954 жылы бекіткен жоғары мектептердің Қазақ Совет әдебиеті программасына негізделіп жазылды. Шолпанның есімі мен творчествосы 1955 жылы басылған балалар әдебиетінің программасы мен хрестоматиясына да енгізілген еді.

Бұл методикалық көмекші құралда Шолпан Иманбаеваның өмірі мен творчествосы, әсіресе, өлеңдерінің көркемдік шеберлігі жайында қысқаша әдеби талдаулар берілді. Жоғары мектептерге арналған хрестоматия мен оқулықтың жоқ кезінде бұл көмекші құралмен пединституттардың тұрақты бөлімдерінің студенттері де пайдалана алады.

ШОЛПАН КІМ?

Қазақ совет поэзиясында революциялық өзгерістер мен Қазақстандағы советтік құрылысты алғаш жырлаушы, көркем сөздің шебері Шолпан Иманбаеваның (1904—1926) өмірі мен ақындық еңбектерін біздің жұртшылығымыз, әсіресе қазіргі жастар жете білмейді. Мұның бірнеше себептері бар. Шолпан ертеректе жазды да, тым ерте көз жұмды. Оның алғашқы өлеңдер жыйнағы 1927 жылы ескіше (араб алфавитімен) санаулы тиражда ғана басылып шықты да, соңғы кезге дейін оның шығармалары қайта басылып, көпке тарай қоймады. Ол кездегі оқушылардың қатары бұл кезде сиреген. Сондықтан Шолпанның есімі де ұмытылуға айналғандай болды. Оның үстіне 1949 жылғы Ғылым Академиясының тіл — әдебиет институты бастырып шығарған «Қазақ совет әдебиетінің очерктері» деген жыйнаққа да Шолпан есімі енгізілмеді. Ш. Иманбаеваның мұрасын көпке танытуды біздің жұртшылығымыз енді-енді ғана қолға ала бастады. 1950 жылы көрнекті ақышымыз Ыбрай Алтынсариннің шөбересі Мариям Хакимжанова Шолпанның өлеңдерін екіншілей бастырып шығарып, ақынның өмірі жайында бірқатар жаңа құнды мағлұматтар берді. Шолпан өлеңдерін оқығандар оның кішігірім көрініс емес екенін түсіне бастады. Оның есімі де, өлеңдері де өзінің көркемдігі, табиғилығымен келешекте орта мектеп оқулығынан да, әдебиет тарихынан да өзінің үлесті орнын алуға тиіс, осыны еске ала отырып, бұл, еңбекте біз мұғалімдер жұртшылығын Шолпан өлеңдерінің шеберлік қасиеттерімен таныстырып өтуді қажет деп білдік.

Шолпанның өмірі қандай аянышты, қысқа болса, өлеңдері де аз, бірақ соншалық нұрлы, шыншыл, көркем,

идеялы болды. «Шолпан кім?» деген сауалға Назипа Кұлжанова: «Шолпан акын еді. Көбіне әйел мұңын жырлайды. Ойына алған пікір сөзді еркін жазатын түрі бар еді. Тәлім-тәжірибесінің аздығы өрісін кеңітпемей келді. Ол кездерде қазақ кітаптары тіпті аз. Орыс жазушыларына тілі жетпей, Шолпанның акындығы арманда кетті» деп жауап береді («Әйел теңдігі» 1927, № 8). Ал Шолпанның 1950 жылғы жыйнағына «Алғы сөз» жазған акын Қ. Жармағамбетов: «Шолпан — қазақ совет әдебиетіне қазақ әйелдерінің ішінен келген тұңғыш акын. Білімі саяз, тәжірибесі аздығына қарамастан, халқымыздың социалистік мәдениетін гүлдендіруге қанатымен су шашқан поэзия қарлығашы» деп бағалайды. Шолпанның өмірбаянын әңгімелеген М. Хакімжанова: «Халқымыздың ауыз әдебиетінде аты аталатын бірқатар акын-әйелдеріміз бар. Бірақ олардың өлең — жыры өз тұсында бағаланып, баспасөз бетіне түскен жоқ. Олардың аттарын да, өлеңдерін де тек қана халқымыз ардақтап, аузында сақтаған. Сол халық сақтаған қазналар біздің заманымызда бағаланып, әдебиетіміздің алтын қорына айналып отыр. Ал Шолпан болса, ол коммунистік партия мен совет үкметі тұсында қазақ әйелдері арасынан жарқ етіп көрінген поэзия шолпаны, ғасырлар бойы күншығыс әйелдерін тұншықтырып келген кара түнек түріліп, бостандық таңы атқанда, бірінші рет қанат қаққан бұлбұл. Ол бақытты өміріміздің, келелі келешегіміздің алғашқы шаттығын шарықтап жырлаған ақынымыз» дейді. Мұндағы «поэзия қарлығашы», «поэзия шолпаны», «поэзия бұлбұлы» деген метафоралық теңеулер тегін айтылған емес.

Бірақ, бұл авторлар Шолпанды тек әйелден шыққан, тек әйел тематикасын ғана жырлаған мөлдек, шегене, бәлкі «арманда кеткен» акын деп, оның тұлғасын да, поэзиясын да кем, олқы бағалайды. Дұрысында әңгіменің тетігі Шолпанның тек езілген әйелдер ортасынан шығуында немесе оның тек әйел тематикасының ғана жыршысы болуында емес, сонымен бірге оның жаңа, жас қазақ совет поэзиясында да орасан, зор үлес қосқандығында, қазақ әдебиеті тарихынан алатын орнында. Шолпан қазақ совет әдебиетіне халық ішінен шығып, революция толқынымен келіп араласқан, ескі мен жаңаның қоянқолтық майдандасқан кезеңінде, Октябрь идеясының жаңа ғана іске асып жатқан кезінде жазған, және сол ескі мен жа-

наның сапалық айырмасын, советтік құбылыстың халықтық мәнін өз поэзиясына шыншылдықпен батыл, мол түсіре білген рухы жаркын, сөзі нұрлы, талантты акын. Біздің қазіргі жастарымыз Шолпан поэзиясын оқығанда, сол кезеңнің шынайы суретін, халық санасында туа бастаған үлкен, тарихи өзгерістерді, революцияның серпінін терең танып, біле алады. Бұл ретте Жармағамбетовтың «Октябрь», «Бостандық» деген екі асыл сөз акынның барлық творчествосының арқауы болды» дегені — әділ баға. «Шолпан Иманбаева казак совет әдебиетінің кабырға тасы қалана бастаған кезінде революцияшыл дәуір екпінге сай өр мінез, отты сөздерімен көрінген акын. Шолпан әдебиет майданына үш-ақ жыл араласты, бірақ еліміздің мәдениеті тарихынан мәңгілік атын өшірмес мұра қалдырды. Өрен жүйрікті тайынан таныйтып, аргымақтың аяқ алысын саңдағынан айыратып, шын асылды шын басынан көретін дана халық-ақыны Шолпанды да алғашқы ағымында таныды, оның жалынды жырлары жаңа дүние жасаушылардың көкейіне қона кетті. Бірақ Шолпан құйрықты жұлдыз секілді туды да көп тұрмады, ақындық аршыны құлашын жая бере талантты жас 22 жасында қайырымсыз қазаға душар болды» деген сөздерді Жармағамбетов шешендіктен емес, Шолпан поэзиясының пафостық рухына, дәмі кетпес әдемі ырғағына, бай революциялық мазмұнына тұшынғандықтан, тән қойғандықтан айтады.

Шолпанның өзінше орны, кезеңі, соған сай ерекшелігі, шеберлігі бар талантты акын. Оның поэзиясы аз да болса қызықты, әсерлі. Оның өлеңдерінен жалғандық, мазмұны жоқ бос сезімшілдік, боямалаушылық, риторизм, фотографиялық суреттеулер (описание), субъективизм элементтері табылмайды. Шолпан Октябрь идеясы мен Ленин образын алғаш өткір, тартымды етіп жырлаушы акынның бірі. Ол ұлт бостандығын, совет идеясын, соның арқасында еркіндікке, теңдікке жеткен казак еңбекшілері мен казак әйелдерінің адамдық правосын жақтап шыққан, жаңа совет адамдарының образдарын жасаған күшті, жалынды акын. Поэзиясының тақырыбы мен шеберлігі жағынан ол 1927 жылдан бастап шыққан Асқар, Тайыр, Ғали, Әбділда, Жакан, Қалмақан, Иса сияқты акындарға үлгі-өнеге болды.

Қазақ совет поэзиясының тұңғыштарының бірі Баймағамбет Ізтолин (1898—1921) өзінің өлеңдерін 1917—1921 жылдар арасында жазды да, көбіне октябрь идеясы мен азамат соғысының жыршысы болды. Ал Шолпан Иманбаеваның творчестволық кезеңі 1921—1926 жылдар арасы — азамат соғысының бітіп, советтік құрылыстың халық тәжірибесімен ұштасып жатқан кезі. Бұл кезеңнің ерекшелігі партияның X—XIV съездерінің рухымен байланысты. 1921 жылы совет елі жаңа экономикалық саясатқа көшіп, орташамен одақты нығайта отырып, құлақтарды тежеу саясатын іске асырып отырады. 1922 жылғы XI партия съезінің «кімді кім жеңеді» деген ұран қоюының да себебі осыдан. Ал 1927 жылдың аяғында НЭП-тің күші деңгейлеп, ауыл шаруашылығының индустриялық базасын жасауға, сөйтіп оны қайта құруға мүмкіншіліктер туады. Бұл кезде қазақ республикасы құрылып, халық бұқарасы әрбір ас пісіруші әйелге дейін мемлекет ісіне араласады. Бұл кездің басты ұрандары — ауылды советтендіру, ауылда мәдениет революциясын іске асыру, ескіліктің шырмауларын кыйрату, ауылда партия, комсомол, қошқы, бастақ ұйымдарын жасау, сөйтіп, советтік құрылысты нығайту, баспасөз, мектеп орындарын ашып, ұлттар арасындағы ескіден мұра болып келген формальдық және факты жүзіндегі тежеулердің бәрін де жойып, барлық ұлттардың тең праволылығын, интернационалдық туыскандығын іске асыру міндеттері болды. Осы ұрандардың іске асуы халық бойындағы сарқылмас жаңа күштерді оятады. Бұл жаңалықтың бәрі де халыққа соншалық жақын, қызықты болды. Қазақтың тамаша акыны Шолпан қазақ халқының сол жаңа өміріне тілек, білек қоспай, ескінің кегін де, жаңаның үнін де поэзия арқылы сыртқа шығармай, жырламай тұра алмады. Халық санасында туған осы ұлы өзгерістерді жырлау — Шолпанның сүйген ісі, оның поэзиясының негізгі арқауы болады. Сол кезеңнің суретін, даму шындығын Шолпаннан артық жырлаған, поэзияға мол түсіре білген акын жоқ. Бұл реттен ол тұтас бір кезеңнің айнасы, жыршысы, жаршысы болған акын. Бұл кезеңнің міндетін, келбетін жырлауда Шолпан Сәбит Мұқановпен терезелес, тең. Сәбиттің «Көңілім», «Жалшы зары», «Бостандық» дейтін өлеңдері жыл жағынан ертерекке қойылса да, онысы Шолпан шығармаларынан соңырақ жарияланды. Осы

себептерден 1921—1925 жылдар арасындағы советтік Қазақстан өмірінің шындығын дербес, шебер, терең жырлаған Шолпан ғана болды. Шолпанның әйел — акын екенін айта отырып, оның осындай белгілі бір тұтас дәуірде біздің поэзиямызға жол салған қызметін де мойындауымыз керек.

* *
*

Шолпанның өмірбаяны әлі күнге толық жыйналып, зерттелмеген. 1926 жылғы «Әйел теңдігі» журналының 7—10 номерлерінде басылған «Иманбай кызы Шолпан» деген некрологта оның акындығы мен қоғамдық қызметіне ғана қысқаша мінездеме берілген. 1927 жылғы «Акын Шолпан» деген естелігінде Назипа Құлжанова Шолпанның 1921 жылдан бергі өмірбаянынан бірқатар қысқаша мағлұмат береді («Әйел теңдігі», 1927, № 8). 1927 жылдан соң, ең алғаш Ш. Иманбаева поэзиясының мәнін «Жолаушы мен жұмыскер» деген өлеңі тұсында доцент Б. Кенжебаев өзінің 1948 жылғы «Қазақ совет әдебиеті дамуының бірінші кезеңі» деген еңбегінде атап өтеді («Известия АН КазССР», 1948, № 55, серия литературная). Акынның өмірі жөнінде біраз қосымша материалдар 1950 жылғы өлеңдер жыйнағында келтірілген. Олар:

а) К. Жармағамбетов. Алғы сөз, 3-бет.

б) М. Хақимжанова. Шолпан Иманбаеваның өмірі мен творчествосы, 7—23-беті.

в) Арықова Нағима. Шолпан туралы есте қалғандарым, 86—88 беті.

г) Қамаш Ярықамышева. Шолпанмен бірге өткізген күндер, 89—93 беті.

ж) Назипа Құлжанова. Акын Шолпан, 80—85 бет («Әйел теңдігі»нен).

д) Иманбайкызы Шолпан (некролог), 77—79 бет («Әйел теңдігі»нен).

и) Шолпан Иманбаева. Өлеңдері. 1950 жыл. Алматы. Қазақстан мемл. көркем әдебиет баспасы, беті 95.

Аты ұмытылуға айналған Шолпанды көпке қайтадан таныту ретінен осы соңғы, 1950 жылғы, Шолпан өлеңдері жыйнағының зор мәні болды. Шолпан өлеңдерінің 1927 жылғы тұңғыш жыйнағының ескі арап әрпімен басылып, оның оқушыларының бұл кезде мүлдем селдіреп,

сирен қалғанын еске алсақ, өткен 25—30 жыл ішінде біздің әдебиетшілеріміз бен акындарымыз әрқайсысы өз қызығымен жүріп, Шолпанды ескі емес, жаңа өмірдің артта қалып кеткен көп белестерінің бірінен енді ғана қазып алып, оның нұрлы поэзиясын бүгінгі өмірдің алдыңғы шебіндегі биік шыңдардың біріне апарып қойғандай болды. 1956 жылғы М. Сармурзина мен Ш. Ахметов атынан шығарылған, педагогикалық училищелер үшін жазылған «Балалар әдебиеті хрестоматиясына» да Шолпан жайлы біраз материал қосылған. Осыған сүйінгендігімізді білдіру үшін, келешекте Шолпан өлеңдерінің орталау және орта мектеп оқулығына мол етуге тиіс екендігін түсініп, акынның поэзиясымен мұғалімдерімізді осы бастан кеңінен таныстыруды қажет деп білдік. Өмірбаяндық материал бізде де жеткілікті болмағандықтан, әзірше жоғарғы мағлұматтарға сүйенуге тура келеді. Мұғалімдер 1950 жылғы жыйнақта басылған М. Хакімжанова, Н. Құлжанова, Н. Арықова, К. Ярлықамышева материалдарын оқыса, Шолпанның өмірі мен еңбегі жайында біраз құнды мағлұматтар алады.

Шолпан Иманбаева 1904 жылдың май айында қазіргі Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы (бұрынғы Нұрбай облысы, Майбалық селосында), Нұра өзенінің бойында, жалшы семьясында туып өскен. Әкесі Бейсенбай, Иманбай, Сауықбек дейтін үш ағайынды жігіттің ең нашары, кедейі болған. Иманбайдың Шолпан (1), Балмақамбет (2), Гүлсім (3), Әлкен (4), Мықан (5) дейтін үш ұл, екі қыз болған. Шолпан туыстарының осы күнгі тағдыры жайында мағлұмат жоқ. Мариям Хакімжанова Гүлсімді 1930 жылы Алматыда көріп едім дейді.

Майбалық отырықшылау село болуға тиіс. Иманбай 1916 жылдың өзінде-ақ жоқшылыққа ұшырап, бай есінде ауыр, құлдык, аш өмірмен күнін өткізіп, балапандай ұрпақтарын зорға асыраған. Жоқшылық пен аштықтың зарын оның жас балалары да көп тартқан. Үлкен қызы Шолпан қой-қозыны әкесімен бірге жүріп баққан. 1918 жылы Ақмолада Колчак үкімі жүріп тұрған талаң-тараж қырғыншылық кезінде күн көрүі әбден қыйындаған Иманбай 14 жасар Шолпанды аштық салдарынан бір қыстық сұм ауқат үшін Қорғалжын ауданындағы (соңалы елі) жасы тоқтасқан Бекей Алдаонгар ұлы дейтін байшігешке «бәлекей» ретінде тоқалдыққа берген. Ол

кезде жасы толмаған қызды кедей лажсыздан малға сататын болса, оны «бәлекей» деп атаған. «Бәлекей» дін жасы кейде 10—12 ден аспайтын болғандықтан, оның балалық шағының бірқатар кезеңі бай есігінде, ауыр еңбекте өтетін болған. Жауыз бай қызды «семьяның мүшесі» ету үшін, оған күн бұрын молда шақырып, некесін қыйғызып қойған. Бұлай еткенде қыздың төркініне қашып кете қоюына жол қалмайды. Ендігі өмірдің азабы бәйбішенің түрткісі, өсегі, шағыстыруы, байдың жиі-жиі таяғы, алба-жұлба боп қой-козы сонында жүру, тезекотын теру, түнде құрым киіз оранын, қой шетінде жату болмақ. Міне, осындай құндық, айуандық, қараңғы салттын құрбаны болған көптеген қазақтың жалшы қыздарының бірі — Шолпан. «Бәлекей» бәйбішенің болашақ күндесі ретінде танылғандықтан, ол өте-мөте қудаланған мүскін жан болған. Олар Рим-Бабыл заманында сатылған құлдарша, жұмсаса құнсыз, өлсе сұраусыз, правосыз болған. Шолпанның ауру-аштық, ыстық-суыққа көп ұрынып, кейін денсаулығының бұзылуына да осы жағдайлар басты себеп болған.

«Жалшы әйелдер аузынан» дейтін тамаша, мейлінше шыншыл өлеңінде Шолпан өз басынан өткен сол ауыр, қанды күндерді бүкіл қазақтың еңбекші әйелдері тағдырымен байланыстырып, былай жыйнақтайды:

Көп жыл жүрдім бұзау козы соңында.
Мандайымнан арылмаған сорым да,
Күл шығарып, тезек тәріп, су тасып,
Жауыз байдың күні болдық қолында.

Далба-дұлба, шокпыт-шокпыт киімім.
Ауыр тұрмыс көрдім талай қыйынын.
Өмір етіп зарлау — жылау қайғыда,
Шеше алмадым көңілдің бір түйініп,

Еңбегімнің бәрі кетіп далаға,
Шерлі жүрек толған қайғы-санаға.
Ас орнына сары су ішіп, жуынды,
Итпен бірге сүйек аңдып қорада.

Жазықсыздан жедім байдың таяғын,
Кейде көсеу, кейде жұмсап аяғын,
«Ата-бабан оңбаған ит, доңыз» деп,
Сөзбен қосып, басқа салған таяғын.

Тым болмаса киім де жоқ киетін.
Күдай қайда көздің жасын иетін.
Байбішенің неше жылғы ескісі,
Жыл-тәулікке азар қолға тиетін.

Осыменен талай заман күн өтті.
Ашылмаған күндік тұман түн өтті
Көздің жасы сел дария болғанда,
«Теңдік» деген ұрандаған үн жетті. (1925)

Әрине, Шолпанның бұл өлеңін тек өмірбаяндық нәрсе деуге болмайды. Онда күндікте өмір сүрген бүкіл жалшы әйелдер тұрмысының да типтік-шынайылық суреті бар. Шолпанның сондай ауыр тұрмыста, мал соңында жүргенде тапқан жалғыз серігі мұңды жыр, поэзия болған. Шын поэзия еріккен эстеттен, тамағы тоқ даңғойдан емес, ет жүрегі тілім-тілім боп өртенген, жаны күйзелген, мейлінше ашылған, әділет іздеген адамнан ғана шығады. Шолпан поэзиясы да сондай еттен өгіп, сүйекке жеткен қорлықтан, адамдықтың шөлдеген еркіндік арманынан туған өлеңдер.

Өзінің правосыздығын, ескі салттың құрбаны болғанын Шолпан азамат соғысы бітіп, 1920 жылы ауылға совет үкметінің ұрандары келісімен-ақ түсіне бастайды. 1920 жылдың 4 октябрінде автономиялы Қазақ республикасы құрылады. Қазақстан еңбекшілерінің I Советтер съезінің хабары Сарыарқаға зор қуаныш, жаңалық болып тарайды. Ауыл еңбекшілері совет, партия, комсомол, «қоңы», батрақ, әйелдер ұйымы арқылы мемлекет жұмысына жанпай қатыстырыла бастайды. Бұрынғы болыс-билер биліктен қуылады. Ауылда жаңа мектептер ашылып, жетім балаларға совет үкметі интернатта оқып тәрбиеленуге мүмкіндік береді. Осы өзгерістердің бәрін көрген Шолпан ескінің менцеу мұзының алаңсыз бұзылып, жаңа өмірдің ағынды дариясының шалқып тасқанын тез түсінеді. 1921 жылдың күзінде ол ескі салттан ашықтан-ашық қол үзіп, Бекейден кетеді. Шолпанның жаңа өмірі, ақындығы осы кезеңнен басталады. Шолпанның осы алғашқы кезеңі туралы Назипа Құлжанова: «Шолпанды мен ең алғаш көруім — Ақмолада, 1921 жылдың күзінде. Соғалы Қорғалжын еліне берген жерінен уезден барған бір инструкторлардың жәрдемімен күйеуінен шығып, Ақмоладан 30 шақырым жердегі апасына келген екен. Соған қалада

қалған мүлкін іздеп келді. Үстінде көнетоз барқыт бешпеті бар, басында қызыл шұбар салы орамалы, қарашұбар, дөңгелек бет, орта бойлы жас әйел. Жылаған жоқ, сықтаған жоқ, еркін отырып, аз сөзбен хал-жайын айтты. Шеттен келген оқыған әйел деп менен ақыл сұрады. Ел әйелі келе беретін әйел бөлімі ол кезде жоқ. Сол калыппен Шолпанға да ақылмды айтып, жөн сілтеп, исполкомдағы жігіттердің біреуіне хат жазып беріп жібердім» дейді.

Кұлжанова Шолпанның сол жылдарғы мінезінің дерекшелігін атап өтеді: «Исполкомдағы азаматтарға жолыққанда елдің теңдік іздеп жүрген көп әйелінің бірі десе де, Шолпанның көзге түспей қоймайтын бір басқалығы бар еді. Үйреншікті калыпка сыймай, шыпшып шығып тұрған бір екпін сыяқты жалын көрінетін. Ел әйелінің көпшілігінің жайшылықта сызылып тұрған, күні бұрын «тағдырға» мойын сұнып, иіліп, мөлдіреп тұрған жібектей созылған мінезіне үйреніп қалған бізге Шолпанның сөйлеген калпы, жүріс-тұрысы тіпті де ерсі көрінген сыяқты болды» дейді Назипа. Бұл мінездер Шолпан бойындағы жанып тұрған оттың, қайраттың алғырлықтың белгісі еді. Соның қабатында, Назипа айтқандай, «ақындықтың да несі болды». Совет заманын Шолпан өз заманым, өз өмірім, өз дүнием деп түсінді.

Мариямның берген мағлұматына қарағанда, Шолпан 1921—1922 жылдары интернатта тәрбиеші болып жүріп, алты айлық сауат ашу мектебін бітірген, комсомолға кірген және әдебиет үйірмесіне қатысып, сахналық ойындарға бас болған. Бірқатар өлеңдерін балаларға жаттатып, интернат газетіне жариялап отырған. Ал 1923 жылы Қараөткелдің әйелдер бөлімінде нұсқаушы болып істеп, 1924 жылдың августында сұранып жүріп, Орынбордан ашылған өлкелік бір жылдық әйелдер курсына барып түскен. Осы 2—3 жыл ішінде болған Шолпан бойындағы мәдени өзгерістерді 1924 жылы Шолпанды екіншілей көрген Назипа былай суреттейді: «1922 жылы мен Қараөткелден Орынбор кеттім. «Қызыл Қазақстан» журналында қызмет істеп жүргенімде, 1924 жылы бір жолдас әйелімен Шолпан келді. Шолпанның кіріп келгенде сыртына сүйіндім. Үстінде кара пальто, басында қаракөк «панам» қалпақ, — бәрі бойына қонып келісіп тұр. Өзі баяғы Шолпан, көкірегі толған билік, еркіндік, тура қа-

рап, нығыз сөйлейді. Бұрынғыдан жүзі жарқын, көңілі көтеріңкі, жолының ашылғанына сенген кісінің түрі бар. Баяғы «екпінді» сол сенімнің жойғаны ап-анық көрініп тұр» дейді.

Шолпан өміріндегі 1921 жыл мен 1924 жыл арасындағы өзгерістерді еске ала келіп, Назина: «1921 жыл Ақмола сыяқты бір түкпірде жатқан қалада Шолпан сыяқты Абай айтқан «самородный сары алтын» ашылмай, жоғалып қалуы да оңай еді. Әйтсе де сондағы іс басындағы жігіттердің бастауымен Шолпан қазақтың жетім балалар үйіне тәрбиеші болды. Жастар арасында бірен-саран спектакльге кірісіп, ойнап жүргені де көрінді. Сөйтіп, Шолпан неғылса да кішкене қала мәдениетіне кірісіп кетті» деп жазды. Шолпанның көнетоз барқыт бешпенттен «панам» қалпаққа жету жолы осындай. Бұл сыртқы өзгеріс қана емес, оның ішкі мәдениетінің де өскендігінің айғағы болатын. «Шолпанның сондағы сырт сыйпаты бейне бір бұрыннан қала киімін киіп, ысылып қалған адамның түрі еді. Киімі сонша түзу, тәртіпті, өзіне қонымды. Шолпан мұнда да басқа жолдастарынан бөлек тұр» деп, Назина бекер жазбайды,

Сөйтіп, Шолпан қала өміріне жаңалыққа, мәдениеттілікке тез бейімделген. Шолпанның осы өзгешелігін 1924 жылы Орынбордағы әйелдер курсына оқыған, Шолпанның досы Қаман Ярылықамышев былай сүреттейді. «Шолпан кітапты көп оқыйтын, ал лекция тыңдағанын онан да тәуір көруші еді. Мұғалімдер лекция оқығанда, Шолпан жарыса жазып отыратын. Ал біз болсақ мұғалімнің сөзіне ілесе алмай, бірінің басын, бірінің аяғын жазып қоятынбыз. Кейін жатақханаға келіп сабаққа әзірленгенде, Шолпан өзінің жазғанын бізге оқып түсіндіріп отыратын» деп жазады. Шолпанды тез өсірген — революция жемісі, Ленин идеясы. Шолпан мәдениетінің тез өсуінің тағы бір себебі ол бала күнінде әкесі Иманбайдың қолында жүріп-ақ ескіше (арабша) хат танып, кітап оқып білген бе дейміз. Мұны Шолпан өлеңдерінің мәдениеті мен формалық шеберлігі де аңғартады. Шолпан қарапайым халық акындарына емес нағыз жазба әдебиет үлгісімен жаза бастаған. Егер бұл жорамал анықталса, Шолпан жасында қысса, жыр ғана емес, Ыбрай, Абай, Сұлтанмахмұт шығармаларынан да оқып үйренген болады.

Шолпан өлең жазуды 1921 жылдан бастаған. Алғашқы кезде өзін ақынмын деп ойламаған Шолпан, Бекейден шыққан соң-ақ өзінің мұнын, арманын түрліше хат, арыз түрінде өлеңмен жазып жүрген. 1921 жылғы кездесу жөнінде Н. Құлжанова «Бұдан бірер ай бұрын уездік оқу бөліміне және басқа іс басындағы азаматтарға, маған бір әйелдің өлеңмен жазылған арызы келіп еді, сұрастыра келгенде ол арыз иесі Шолпан болып шықты» дейді. Сондағы Шолпан арызының бір шумағы мынау:

Арманым жалғандағы өнер-білім
Қайғымен өткенің бе енді күнім.
Дертім көп, дәрменім жоқ, мен бір бақыр,
Бастағыт хақ-тағала алға жолым

Мұндағы «жалған», «хақ-тағала» деген сөздердің ескілігін былай қойғанда, (ол сол кездегі Шолпан үшін табиғи да) Шолпанның өнер-білімді, еркіндікті, жаңа өмірді аңсағандығы айқын. Басты тілегі — оқу, адам болу. Мұндай аянышты «арыздарды» Шолпан 1921—1924 жылдар арасында аз жазбаса керек, соның бірі — «Қоныр қаз» (1921), «Араз» (1924). Соңғы «Арыз» деген өлеңді ол 1924 жылы өлкелік әйелдер курсына түсер алдында әйелдер бөлімінде істейтін бір әйелге жазған. Мұнда Шолпанның оқу-білім жөніндегі төрт жылғы ізденуі жақсы суреттелген:

Жүректе толып жатыр қайғы, арман.
Бір ісім оналмады көңілге алған.
Болар ма сізден жәрдем бұл турада
Апайсыз көп мұндыны көзі шалған
Ұмтылған талабыма төрт жыл болды.
Болмады бұл былай деп жолға салғач.
Оқу аз, білім саяз, талабым көп,
Тілекке жетпеген соң жүрек жанған (1924)

Өлеңді өз басының мұнын жырлаудан бастаған Шолпан 1922 жылдары комсомолға кіріп, жетім балаларға тәрбиеші боп жүргенде, саяси мейрамдар тұсында қабырға газеті немесе интернат сахнасы үшін мазмұнды, идеялы үгіт түріндегі өткір өлеңдер жазумен толықтыра бастаған. «Жолаушы мен жұмыскер» (1923), «Жолаушы мен әйел» (1923), «Жеттік міне» (1923) осы жолмен туып,

жетім балалардың түгелдей жатқа білген, сахнада көп айтылып, көпке тарап кеткен революциялық тақпақ өлеңдері. Осы ретпен Шолпанның «Жұмыскер мен жолаушы» деген тамаша өлеңі тұңғыш рет, оның сыртынан «Еңбекші казак» газетінде 1923 жылы басылып шыққан. Шолпанның баспасөз бетінде өлең жазуына жол ашқан, оның есімін бірінші рет жұртшылыққа мәлім еткен өлең осы. Шолпан газеттен өз өлеңін оқып, қатты қуанған.

Осыдан соң «Қызыл Қазақстан», «Жас қайрат» журналында Шолпанның өлеңдері жиі-жиі басылып тұрған. «Қызыл Қазақстан» журналында істеп тұрған Назипа: 1924 жылдан бастап Шолпан журналға өлең беріп тұрды, онысы басылып жүрді, гонорарын елдегі жетім інілеріне жіберіп тұратын деп жазалы. 1925 жылдың 21-январында «Еңбекші казак» газетінде оның «Лениннің жолы және казак әйелдері» деген мақаласы басылған (№ 280). 1923 жылдан соң Шолпан қазақтың жаңа тақырыпқа жырлаушы, совет идеясын үгіттеуші басты акындарының бірі болды.

Бірақ Шолпанның өлеңдері түгелдей баспа көрген жоқ. Оның 1927 жылғы жыйнағына жыйырма жеті өлең, бір мақаласы енген. Бұл өлеңдер оның 1950 жылғы жыйнағына да толық қосылған. Жыл ретімен бөлгенде, Шолпан 1921 жылы бір өлең («Қоңыр каз»), 1923 жылы екі өлең («Жолаушы мен жұмыскер», «Жеттік міне»), 1924 жылы жеті өлең, 1925 жылы он екі өлең, бір мақала, 1926 жылы бес өлең жазған. Шолпанның 1925 жылдан соңғы өлеңдерінің көбі жоғалған. 1925 жылдың мартында Шолпан аурулы болып, еліне қайтады, ал 1926 жылдың апрелінде төсек тартып, Ақмола болыныңасына түскен, бұл жылдары да ол «Қызыл Қазақстан», Назипа атына, бірнеше өлең жіберген. Оны 1925 жылдың декабріндегі хаты анықтайды. Бірақ онысы Назипаға келіп жетпегендіктен, баспа көрмеген. Мұндай өлеңдерді ол «Жас қайрат», «Еңбекші казак» газеттеріне де жіберуге тиіс. Соңғы екі жыл ішіндегі өлеңдерін, толық қолжазбасын ол 1926 жылдың жазында Қызылордадағы өлкелік әйелдер бөліміне жіберген. Бұл қолжазбалардың да көбі жойылған. Сондықтан Шолпанның өлеңдерін түгелдеу мәселесі — оның мұрасын, көпке кеңірек таныттырудың қажетті бір буыны.

Шолпан Орынбордағы әйелдер курсында 1924 жылдың августынан 1925 жылдың мартына дейін оқыды. Бұл оның ғылым-білім, саясат жағынан өсуіне зор себепші болды. Соның нәтижесінде бұрынғы езілген жалшы әйел Шолпан үлкен әдебиет адамы болып қалыптасты. Әйелдер курсында жүргенде ол марксизм-ленинизмнің мөлдір бұлағынан су ішеді, өзін халықпен, партиямен, Ленин идеясымен, совет идеясымен туыстырады. Осының бәрі оның оптимизмге толы, нұрлы, өлеңдерінен мол орын алған.

Жаңа өмірге араласқан күнінен бастап Шолпан «өзі үшін жүлген» көп тоғышардың бірі болған жоқ. Ақмоладағы жетім балалар үйінде істегенде де, Атбасардағы әйелдер бөлімінде жүргенде де, Орынбордағы әйелдер курсында оқыған жылдарында да ол әрбір жаңалыққа бар жан-тәнімен беріле өзіне тапсырылған әрбір істі мұқият орындап, халық үшін, партия үшін, Ленин идеясы үшін жан аямай қызмет етті. Ақындығынан бұрын біздің қазіргі жастарымыз оның осы советтік мінез-құлқынан, іс-әрекетінен де мол үлгі-өнеге алғандай. Шолпанның өткен өмірі — өзінше бір қайғылы роман, трагедия болса, совет дәуіріндегі өмірі — өзінше бір поэзия. «Шолпан курсқа келген отыз шақты әйелдердің алды болды. Сабақта да, курстың ішкі жұмысында да көзге түсті... Ол кезде оқуға әйелдердің келуінің өзі бір күрес болатын. Байлар мен бектер билеген ескі заманның көзқарасында оқыған әйелдер бұзылған адамдар саналатын. Сондықтан Совет үкметінің мақсаты мен саясатына түсініп жетпеген сол жылдардағы ауыл қазақтарының ішінде де әйелдердің оқуына, жұмыс істеуіне қарсы кісілер де болды. Оның үстіне, курсқа келген әйелдер үйінде «Бойын күткен» қыздар емес, бәрі де аюдай ақырған қанаушы таптың тырнағынан босаған, күндік тұрмысты басынан кешіргендер болатын. Мұндай әйелдеріміз ол кезде саусақпен санағандай еді. Сол курсқа Семейден келген Ярылқамышева Қамаш, Қостанайдан келген Токмағамбетова Айжан, Оралдан келген Ырысбаева мен Аманбаева, Ақтөбеден келген Әлімбаева мен Келбетовалар сол жылдары теңдікке қолы жеткен, жаңалыққа бой ұрып, ескілік торынан тұңғыш азаттық алған сауатты әйелдеріміз болатын. Сол топтың ішінде Шолпан ерекше еді. Ол өте зейінді, табанды болды. Курстағы комсомол ұйымын басқар-

ды. Қабырға газетінің редакторы болды. Ауыл салтынан келген әйелдерді қала тәртібіне көндіру де оңай болмады. Шолпан солардың арасында тәжірибелі үгітші де болды. Аз күннің ішінде оқушыларымыз қала салтына түсіп, мәдениетті топқа айналды» деп жазады Орынбордағы әйелдер курсының сол кезде директоры болған Арықова Нағима марқұм.

Орынбордағы әйелдер курсы партиялық типтегі саяси мектеп орны болатын. Онда партияда барлар да, езілген әйелдер ортасынан шыққан партияда жоқ саналы, актив қазақ әйелдері де оқыған. Бұл мектеп Шолпан арманының іске асуының символы болды да, оның сезім, сана дүниесінен үлкен орын алған. Осы курсы, ондағы әйел достары жайында Шолпан: «Өлкелік әйелдер курсынан» (1924), «Жолдасыма» (1924), «Жолдастарыма» (1925), «Қалима жолдасқа» (1925), «Жамал жолдасқа» (1925), деген сыяқты бірнеше тамаша өлеңдер жазып қалдырған. Бұл — достық жайындағы жырлар ғана емес, саяси өмірге араласқан, өсіп, жетіліп келе жатқан жаңа санадағы, совет идеясындағы еңбекші ұлт әйелдерінің бейнесін жасаған өлеңдер. Олар бұрынғыша «Мал үшін қатын үсті шалға баратын» немесе «жарқырап алтын-күміс тағатын, қызартып опа, жағынатын» әйелдер емес, сол ескілікпен аяусыз майдандасқан озат ойлы, актив тұлғалы, еркін әйелдер, жаңа әйелдер типі:

Залымның арбауына көне алмаймыз.
Сатылып қалың малға жүре алмаймыз.
Біздерге мәңгі жолдас өнер-білім,
Бес күндік мал-дүниеге қуанбаймыз.
Тәрбие көріп тұрмыз үкметтен,
Жыйылып тізе қостық әр түбектен,
Жасасын шын еңбекші жұмыскерлер,
Дүниеге бостандықтың нұрын төккен.

Басқаша айтқанда, бұлар — революциялық типтегі әйелдер. Олардың туы — ленинизм, ұстаған жолы — коммунизм.

Лениннің өсиетін орындаймыз.
Жабығып әйелміз деп қорынбаймыз.
Лениннің мәңгі берген туын алып
Шақырып кедей қызын ұрандаймыз.

Шолпан өзінің курста бірге оқыған түлектестерік казак халқына, әсіресе әйелдерге теңдік алып берген Ленин идеясын іске асырушы, ауылдағы қалын әйел жынысының көш басшысы, соларды коммунизм жолындағы ұлы құрылысқа қатыстырушы алғашқы жасак деп жырлайды. Шолпанның бұл армандары қазір толығымен іске асты. Біздің елімізде әйелдер, соның ішінде казак әйелдері де коммунизмнің актив, саналы орнатушыларының бір қол канаты болды.

Шолпан курстан кетіп, еліне барған соң, інілерін қолға алып, оларды тәрбиелемек болған. Әке-шешесі 1921 жылы өлген-ді. Бірақ тұрмыс жағдайы да, денсаулығы да оған жол бермеген. Осы екі түрлі қиыншылығы жайында Шолпан өлкелік әйелдер бөліміне, әсіресе Назипаға көптеген хат жазған. Бірақ жәрдем болмайды. 1926 жылдың апрелінде Акмола больницасына түсіп, 18 сентябрьде қайтыс болған. Осы жөнде «Әйел теңдігі» журналы: «Әлеумет қайраткері болып, еңбекші халыққа басшылық жұмысына кіріскен казак әйелдерінің тым аз кезінде Шолпанның арамыздан кеткені қабырғамызды қайыстырады» деп жазады («Әйел теңдігі», 1926, № 7—10).

Мыңнан бір гүлі ашылмаған жас, өрен акын, жаңа өмірдің жыл құсы Шолпанның қаққан қанаты қаншалықты қызық болса, серпіні де соншалық басылмай кетті. Бірақ ол өзінің өмірлі, көркем поэзиясы арқылы казак совет әдебиеті тарихынан өшпес, өлмес орын алды. Шолпан поэзиясы өзінің мазмұны мен түрі, тақырыбы мен образы, жанры мен стилі, тілі мен өлеңдерінің құрылысы, идеялық тереңдігі мен шыншылдығы жағынан үлгі болды. Бұл еңбекте біз шолпан өлеңдерінің тақырыбы мен образдары, жанры мен әдісі, шеберлігі мен ерекшелігін талдағымыз бар.

Шолпан өлеңдерінің идеялық мазмұны мен түр бірлігін, оның поэзиясының шыншылдығы мен новаторлық қасиетін, әсіресе акынның шеберлігін тереңірек анықтау ретінен оларды тақырыбына қарай талдау ыңғайлы. Горькийдің айтуынша, тақырып — идеяның көрінісі. Тақырып акынның, жазушының өмірге деген көзқарасынан туады да, оны бір белгілі қорытынды жасауға шақырады. Бұл — мәселенің бір ғана жағы. Сонымен бірге тақырып өмір шындығымен де төтелей байланысты. Қоғам өмірі бір орында тұрмай үздіксіз, революциялық дамуда болған сы-

яқты, тақырып та өзгеріп, дамып, жаңарып отырады. Осы жаңарудың өзінде үлкен революциялық сыйпат болады. Бұл жағдай ақынның әдісі мен өмірге деген көзқарастарын да, адам образын да өзгертпей, байытпай тұра алмайды. Өйткені әрбір тақырып образ, адам характері арқылы іске асады. Сөйтіп тақырыпта мазмұн мен түрдің бірлігі бар. Тақырыптың өмірге қонымдылығы, оның жаңа жағдайға сай келуі, ондағы әлеуметтік проблеманың өткірлігі, актуальдылығы, шыншылдығында ғана емес, адам қарым-қатынастары мен образдарының да типтілігінде. Сондықтан Шолпан поэзиясын тақырыбымен талдағанда, біз оның өлеңдерінің идеясы мен образдарын тереңірек анықтаймыз.

Шолпан поэзиясын өзінің тақырыптарына қарай бірнеше салаға бөлуге болады:

1) Октябрь идеясын жырлайтын өлеңдері («Жолаушы мен жұмыскер», «Жалшы әйелдер аузынан», «Жолаушы мен әйел», «Октябрь күні», «Октябрь мейрамына», «Қазақ әйеліне»).

2) В. И. Ленин образын жырлаған өлеңдері («Естірту», «Бүгінгі күн», т. б.).

3) Шолпан поэзиясындағы әйел тематикасы. Бұл тұрғыдағы өлеңдер көбірек, және олар Шолпанның өз басының өткендегі мұң-зарын, арманын жырлайтын «Қоңыр қаз», «Арыз» деген сыяқты өлеңдерден басталып, жалпы қазақ әйелдерінің типтік характерін, бейнесін тоқыйтын өлеңдерге келіп ұласады («Жолаушы мен әйел», «Жалшы әйелдер аузынан», «Қазақ әйеліне», «Жолдастарыма», «Өлкелік әйелдер курсынан», «Жолдасыма», «Қалыма жолдасқа», «Апайға»).

4) Жастар және ғылым-білім тақырыбындағы өлеңдері («Жеттік міне», «Біздің сәуле», «Пионерге», «Жас ініме», «Жас қайратқа және жастарға»).

5) Шолпанның сатирасы («Бұлбұл мен қарға», «Зейнепке», «Жәкең жаман сасады»).

Біз Шолпан поэзиясын оның әйел тематикасын жырлаған өлеңдерінен емес, негізгі мәніне және қызметіне қарай октябрь идеясын, Ленин образын жырлайтын өлеңдерінен бастаймыз. Өйткені Шолпан, кейбіреулер ойлағандай, әйел тематикасынан емес, Октябрьдің ұлы мәнін, оның қазақ халқына берген бостандығын, коммунистік партия мен Ленин ісін жырлаудан бастаған ақын. Шол-

панның тұңғыш рет атын шығарып, баспаға бұрын түскен өлеңі «Жолаушы мен жұмыскер» де сол Октябрь тематикасына арналған.

*

ШОЛПАН — ОКТЯБРЬ ИДЕЯСЫ МЕН СОВЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖЫРШЫСЫ

Шолпан акынның Октябрь тематикасымен байланыспаған бірде-бір өлеңі жоқ десек, қате болмайды. Қай тақырыпты жырласа да, ол соның бәрін де Октябрьдің ұлы мәнін, жемісін айтудан, советтік құрылыстың алғашқы тәжірибесі мен ұрандарын жырлаудан бастайды. Бұл реттен оның «Жолаушы мен жұмыскер», «Октябрь күні», «Октябрь мейрамына» деген өлеңдері ғана емес, әйел теңдігі, жастар тематикасына жазылған «Жолаушы мен әйел», «Жалшы әйелдер аузынан», «Қазақ әйеліне», «Жеттік міне» деген бөгде өлеңдерінің де бас тақырыбы Октябрь революциясы, соның ұлттарға берген теңдігі, еркіндігі болып отырады. Бұл Шолпан поэзиясы үшін тақырыптардың тақырыбы, идеялардың идеясы.

Октябрьдің ұлы мәні мен советтік құрылыстың алғашқы адымын, тәжірибесін жырлаудың ол кезде зор революциялық, жаңашылдық, жалпы халықтық мәні болды. Байманаптардың, молда-қажылардың, би-болыстардың, патша ұлықтарының озбырлығынан, шаны кеше ғана басылған азамат соғысының қыйыншылығынан, Қолчак, Қазақтың пайзасынан, жұт-жокшылық зардабынан енді-енді құтылған қазақ даласы Октябрьдің шын мәнімен советтік құрылыстың алғашқы тәжірибесі арқылы 1919 жылдың аяғы, 1920 жылдың басынан бастап төтелей таныса бастайды. Ел партияның ұлт саясатымен танысады. Азаттық, теңдік, туыскандық дейтін ұрандар халық жүрегінен өшпестей орын алады. Совет идеясы, оның еңбекшілерге берген правосы бұқараның жүрегін тербеп, ойын билейді. Қазақ халқының, әсіресе кедейлер мен әйелдердің бұрынғы ауыр халімен таныстығы мол Шолпан өзінің жүрегінде, білегі де жаңа өмірге араласқан, жаппай оянған халық көпшілігімен туыстырып, октябрь идеясы мен совет үкметінің ұрандарын шын жүректен сүйіп жырлайды.

Октябрь идеясын жырлағандар ол кезде аз болған жоқ. Бірақ олардың таланты мен шеберлігі бірдей болды демейміз. Кейбіреулердің инеті дұрыс болса да, ақындық қабілеті жетпегендіктен, көбіне газет мақаласын қайталайтын очерк өлең жазудан асып кетпеді. Бірақ өз кезінде соның өзінің де қажеті болды. Екінші біреулер пролеткульт социологиясына әуес болды. Ондайлар Октябрьдің жалпыхалықтық, жержүзіндік ұлы тарихи мәнін көрінеу кішірейтіп, мөлдектеп жырлады. Ондайлар кедей мен орташаны да айтқысы келмеді, көбіне «жалшы», «батрак» деп келді. Октябрь революциясы халықтың қалың көпшілігі үшін емес, соның бұрын айрықша езілген бір ғана тобы «жалшылар» үшін ғана жасалған сыяқты болып көрінді. Бұл сарын РАПП, КАЗАПП ұйымында үстем болды. 1932 жылға караған соң, еңбекшілердің өзін түрлі топқа бөле жырлау, әдебиеттің шеңберін тарылатып, оған көптеген зыян келтірді. Сондықтан Орталық партия Комитеті 1932 жылы РАПП ұйымдарын жойып, бірыңғай совет жазушыларының одағын құрды. Бірақ соңғы кезеңде де совет әдебиеті түрліше социология «солақайлығынан» түгелдей арылып кеткен жоқ. Гурвич, Белик сыяқты әнербақан «сыншылар» 1950—1951 жылдарға шейін әдебиет сынында РАПП социологиясын жаңғыртып, әдебиеттің партиялығын, типтілігін бұрмалауға тырысты, пролеткультшілер ізімен өткеннің мұрасынан шоғынды, оған жала жапты, нағилтизмге салынды. Ал поэзиямызда сырлау, риторизм элементі күшейді. Кейбір ақындар өзінің творчестволық дәрменсіздігін бүркеу үшін адам психологиясын (соның бірі—ақынның өзі) қолдан боямалап, тек «идеал» образ жасаймыз деп әлектенді. Бұл іс жүзінде адамдарды бұрынғыдай топқа, тапқа бөлуге жол қалмағандықтан, оларды қолдан екінші түрде жікке бөлу болатын. Кейбіреулер «сезім лирикасы» дегенмен шұғылданып, өзін-өзі «идеал-ақын» етуге дейін барды. Мұның бәрі өмірдің өзін көрсетуге, реализмге зор нұқсан келтірді. Объективті адам образдары поэзиямыздан аз көрінетін болды. Н. С. Хрушев жолдас XX партия съезінде мұндай көріністерді жалғандық, сұрықсыздық деп атап, творчестволық қызметкерлер алдына өмірдің өзін типтілік, табиғилық жолымен терең көрсетуді міндет етіп қойды.

Поэзиямыз тәжірибесінде болып келген осы ауытқулар тұрғысынан алғанда, Шолпан поэзиясы өзінің өмірмен

байтақтығы, шынайдылығы, табиғилығы, образдарының қалықтығы және типтілігімен ерекшеленеді. Шолпан Октябрьдің жалшы-малшыларға берген правосын, теңдік ата отырып, тек сол образдың ғана шеңберінде қалмайды. Онда «жалшы», «батрак» деген сөзден көрі «қалың нашар», «жалпы еңбекші», «езілген ел» дейтін ұғымды молырақ. Әйтпесе «Жұмыскер мен жолаушы» немесе «Жолаушы мен әйел» дегендегі «жолаушылар»ды қай тарап қосуға болады? Олар жалшы ма, кедей ме, жок орташа ма? Біздіңше, ол образ соның үшеуінің де типін қамтыды. Ол еңбекшілер табын жеке топтарға бөлмей, тұтас алып қарайды. Шолпанда езушілер мен езілушілер табы да тұтас алынып қарсыластырылады. Осы себептерден Шолпан образдарының қанаты кең, характерлері типтік жалпыхалықтық пішінде жасалады.

Шолпандағы екінші бір ерекшелік: ол Октябрьдің мәнін тек еңбекшілер тілегі тұрғысынан ғана емес, Азиядағы казак, кыргыз, өзбек, тәжік, каракалпак сыяқты теңдікке тұңғыш рет қолы жеткен ұлттар тілегі тұрғысынан да алып жырлайды. Бұрын патшалық Россияның отары болған, экономиядан, мәдениеттен мешеу қалған ұлттардың, соның ішінде казак халқының да қалың көпшілігінің октябрьдің ұлы өзгерісі арқасында патшаның отаршылдық саясатынан құтылып, есеге толуы, казак елінің ұлт болып қалыптасуы — Шолпан жырларының елеулі бір буыны. Шолпан бұрынғы езілген ұлттар жағдайын да еске алады. Еңбекшілер көпшілігін «жалшы», «кедей», «орташа» деп, олардың арасына жік қоймаған сыяқты, ол Октябрь революциясын бүкіл ұлттарға ортақ жалпыхалықтық, жержүзіндік мәні бар өзгеріс деп жырлайды. Шаруа сыяқты ұлттар да орыстың жұмысшы табының одактасы болатын. Сондықтан Шолпанның жұмыскердің аузына:

Таза жүрек, адал ниет сырласым,
Жуандардың тізесі еткен мұңдасым,
Ауылдағы көп еңбекші қазақтың

Бұл ұлдары — ер большевик жолдасым, — деген сөз салуы да орынды.

Шолпан өлеңдері өткір тартысқа, тарихи салыстыруға құрылады. Оның жырлары ескінің көбіне де, жаңаның қуанышына да толы. Одан бүкіл халық жүрегінің толқы-

Бұл өлеңнің текстi мынадай:

Жолаушы:

(1) Шаттык, кызык мынау сайран елдікі?
Гүл, бәйшешек — жасыл ала жердікі.
Жан-жағына бойын безеп ыргалған,
Жән сұраймын бұл қызыл ту кімдікі?

Жұмыскер:

Үш жүз жылдай тұрдым тордың ішінде.
Енді сендім жұмыр білек күшіме,
Жайқалтқан мен, жайнатқан мен жер-көкті,
Бұл қызыл ту желбіреген менікі.

Жолаушы:

(2) Тар дүниені бүгін келіп кеңіткен,
Қара тасты қорғасындай еріткен.
Жетім-жесір, нашар тобын теңелткен,
Жән сұраймын бұл үкімет кімдікі?

Жұмыскер:

Неше жылдай жауыздармен күрескен,
Залымдар мен, байларменен тірескен,
Ақыр жеңіп қызыл туды орнатқан,
Бұл үкімет күшті кеңес менікі.

Жолаушы:

(3) Найза, мылтык, қылыш алған қолына,
Мейрімі артық еңбекшінің ұлына.
Қара қылды қак жарғандай азамат,
Жән сұраймын бұл батырлар кімдікі?

Жұмыскер:

Газа жүрек, адал ниет сырласым.
Жуандардың тізесі өткен мұңдасым.
Ауылдағы көп еңбекші қазақтың,
Бұл ұлдары ер большевик жолдасым.

Бұл өлеңнің ішкі тақырыбы үш салаға бөлінеді. О ақын жолаушының жұмыскерге берген үш түрлі сұра

аркылы береді. Мұның үшеуі де Октябрьдің негізгі мәнін камтыйтын өзекті сұрақтар. Олар: а) Қызыл ту кімдікі, б) совет үкметі кімнің орнатқан үкметі, в) Қолына найза-мылтық алып, сол үкметті бірге орнатысқан батыр-большевиктер кімдер! — дейтін сауалдар. Алдыңғы екі сұраққа жұмыскер: «Қызыл туды да орнатқан мен, байларды жеңіп, совет үкметін орнатқан да мен» деп жауап берсе, үшінші сауалға сол үкметті бірге орнатысушылар — «ауылдағы көп еңбекші казактың ер большевик ұлдары» деп жауап береді. Сонда совет үкметі жұмысшы табы мен шаруаның, езілген ұлт еңбекшілерінің ортақ үкметі болып шығады. Соңғылар — «жуандардың тізесі өткен» жұмыскерлердің «мұндасы» «адал инет сырласы», «жолдасы». Жұмысшы табы мен шаруаның одағы дұрыс суреттелген. Өлең сауал-жауап түрінде жазылған. Жолаушының сұрақтары совет үкметінің халықтық мәніне түсінген, соған тілектес адамның сөзін білдіреді. Әрбір сауалда ескі мен жаңаның қайшылығы, терең тарихи қарсыластыру бар. Жұмыскердің жауабы да шендестірілген. Ол 300 жылдай тордың ішінде тұрып, неше жүз жыл жауыздармен, залымдармен, байлармен күресіп, совет үкметін білектің күшімен орнатқан. Мұнда да Шолпанға тән күрделі эпитет қолдану бар.

«Октябрь күні» (1924) деген өлеңде Шолпан осы идеяларды тереңдетіп, Октябрь «қараңғыны жарық қылған», нашарларға теңдік әперген, еңбекші таптың тілегіне ортақ күн деп жырлайды. «Талай камқор қапын төккен, құрбанды күн — Октябрь» деп ол революциялық жеңістің оңайға түспегенін айтады. Мұнда да акын революцияны, совет үкметін тек жалшы үшін ғана емес, «қалың нашар», «Жалпы еңбекші» таптың мүддесі үшін жасалған өзгеріс деп танытады. «Жолаушы мен жұмыскер» эпос стилімен жазылса, «Октябрь күні» акынның өз атынан айтылған саяси лирика.

Өзінің өлер алдында, 1926 жылы жазған «Октябрь мейрамына» деген өлеңінде Шолпан Октябрьдің 9 жылдық тәжірибесін жыйнақтайды. Өлеңнің бірінші жартысы — тарихи шолу, акын бұл жерде де өткеннің зәрлі таңбасын, октябрьдің тарихын баяндайды. Екінші бөлімінде 9 жылдың ішінде Қазақстан өмірінде болған зор өзгерістер, Октябрьдің езілген ұлттарға тигізген факты жүзіндегі реальдық пайдасы, жемісі суреттеледі:

9 жыл болып қапты содан бері,
 Енші алып Қызылорда тігілгелі.
 Бұратана елдерге теңдік беріп,
 Жемісін Октябрьдің жегізгелі.
 Білек күші, найзаның ұшыменен,
 Уақ ұлтқа пайдасын тигізгелі.
 Езілген нашар тапты бірдей көріп,
 Орыс, қазақ, ноғай, сарт дегізбеді.
 Ішінде уақ ұлттық қазақ елі,
 Шырмалып надандықта жүре берді,
 Мал орнына сатылып күңдік көрген,
 Әсіресе қазақтың әйелі еді.
 Ұмтылып артта қалған қазақ елі
 Теңелді ері менен әйелдері.
 Мәңгі жасап Октябрь өзгерісі,
 Жасасын жер жүзінің жұмыскері.

Октябрьдің 9 жылдық жемісі қайсы? Қазақ елі өз алдына отау тігіп, республика болған, бұрынғы надандықты тастап, алға басқан. Бұрын айрықша езгіде болған қазақ әйелі ерлермен тең праволы болып, есейген. Ұлттар достығы нығайған. Осы жаңа өмірдің алдыңғы сапында Октябрьдің батыры орыстың жұмыскер табы келеді. Шолпан мұнда да Октябрьдің жемісін жеке топтардың табысы тұрғысынан ғана емес, бүкіл қазақ ұлтының табыстары тұрғысынан алып бағалайды. Бұл — фотография ғана емес, сол аз жыл ішінде болған өзгерістердің ең маңызды, типтік суреті, жыйынтығы.

Шолпаның Октябрь тематикасындағы өлеңдері өзінің революциялық мазмұнымен ғана емес, образдарының жаңалығымен де құнды. Бұл өлеңдердің басты образдары — революциялық санасы өскен жұмысшылар мен шаруалар, жалшы мен кедейлер, халық. Жұмыскер — жыйнақтаушы бейне, интернационалдық тип, революциялық тұлға. Ал Жолаушы дегені езілген ұлттар уәкілі, әсіресе, жалшы, кедей, шаруалар бейнесіне тән. Солармен бірге Ленин мен Маркс, коммунистік партия мен Совет үкметінің де образы беріледі.

Сөйтіп, Октябрь идеясың советтік кәрылыстың алғашқы тәжірибесін жырлауда Шолпан біздің поэзиямыздың әрі маркасы, әрі жаңалық ашқан шеберінің бірі болды.

ЛЕНИН ОБРАЗЫН ЖЫРЛАЙТЫН ӨЛЕҢДЕРІ

В. И. Ленин бейнесін жасау — Шолпан жырларының Октябрь тематикасынан соңғы бір басты саласы. Мұны ақын екі түрлі арнада жырлайды. Бірінде, мысалы, «Естірту», «Бүгінгі күн» деген өлеңдерінде ақын Ленин образын арнап жырлайды. Екінші жерде басқа тақырыптарға жазылған «Октябрь мейрамына», «Жалшы әйелдер аузынан», «Өлкелік әйелдер курсынан», «Жолдасыма», «Қалма жолдасқа» деген сыяқты өлеңдеріне коса жырлайды. Шолпан өлеңдері — көбіне көп тақырыпты саяси лирика.

Владимир Ильичтің қайтыс болған күні 1924 жылдың 22 январы бүкіл жержүзі еңбекшілеріне ауыр тиген қаралы күн болумен бірге, ол совет идеясының, Маркс — Ленин окуының мәнін халықтардың бұрынғыдан да терең тануына, совет халқының Ленин партиясы төңірегіне топтаса түсуіне себеп болды. Ленинің ісі мен идеясына барлық туысқан халықтар өздерінің берік екендігін көрсетті. Ленин шақыруы бойынша әлденеше мыңдаған жұмысшы мен шаруалар коммунистік партия қатарына кірді. Шолпан мүше болған комсомол ұйымы Ленин атағын алды. Ленин күндері советтік құрылыстың күш-қуатын арттыра түсті.

Бұл күндері Шолпан Орынбордағы (Чкалов) өлкелік әйелдер курсында оқып жатқан. Үлкен қалада болған сол күндердегі халықтың Ленинге деген зор ықыласы, махаббаты ауыл қызы Шолпан көзінде Ленин образының мәнін өте-мөте зорайтып, ұлғайтып жіберді. Ленинің партия басшысы, совет үкметінің ұйымдастырушысы, езілгендердің шын досы, қамқоры, көсемі екені айқындала түсті. Совет идеясына жан-тәнімен берілген патриот, комсомол ақын Шолпан халық қайғысына үн қоспай тұра алмады. Ленинге деген осы жақсы сезімдерді сыртқа шығару үшін Шолпан 1924 жылдық 22 январы күні өзінің атақты «Естірту», «Бүгінгі күн» дейтін екі өлеңін жазды.

Ленин образын қазақ әдебиетінде тұңғыш жырлағандар — Шолпан, Дөнентаев. Иса, Сәбит Мұқанов сыяқтылар болды десек, бұлардың образдау тәсілінде өзіндік ерекшеліктері де, ұқсастықтары да болды. Ұқсастығы сол — Ленин тақырыбын үлкен дәрежеге жеткізе жыр

лаудың өзі зор жаңалық болған еді. Мұның үшеуі де Ленинге арнаған өлеңдерін көпке ұғымды тіл, тартымды музыкалы үн, жаңа ыргак, ұйқаспен беруге тырысқан. Ал ерекшеліктеріне келгенде, С. Дөнентаев Ленинге арнаған өлеңін жетім бала атынан әңгімелейді. Онысы — бұрын патшалы Россияның отары болған, бұратана, мешеу қазақ халқының бейнесін жыйнақтайтын образ еді. Дөнентаев Ленин образының революциялық, халықтық мәнін ұғымды әсерлі етіп көрсету үшін тарихи салыстыру қолданады:

Ақылсыз ем анамды айқын көрмеген.
Аузым жарып ақ көкірегім ембеген.
Арманда едім, әлсіз едім, жас едім,
Етек тартып әке артынан ермеген.

Осылай жетім баланың өткендегі ауыр, правосыз тұрмысын суреттей келіп, ақын оны жаңа, советтік өмірге, Ленинге тап қылады. Ленин — езілген елдердің қамқоры, жетімдердің әкесі:

Дауыс шықты білмеуші едім иесін:
«Күтқарамын, сорлы, қолың бер» деген.
Бердім, көрдім: қайда жетім өзімдей,
Жетілінді, билігінде тұр екен.
Енді сорлы ол дауысқа ермеген.
Енді соқыр оның туын көрмеген.
Күтқарушы қолын сұрап сорлыны,
Кетсе де өзі кетпес үні кеудеден.

Мұнда жетім баланың образы арқылы қазақ халқының өткені мен бүгінгі өмірінің айырмашылығы шебер, терең, шендестірілген. Соның нәтижесінде Ленин образы да айқындала түскен. Дөнентаев Лениннің портреті емес, мінездемесін (характеристикасын) жасайды. Бірақ автор жетім баланы тек жаңа өмірге келтірумен ғана тынған. Шынында Ленин бейнесі революцияның тарихымен ғана емес, көбіне оның болашағымен байланысты еді. Осы жайды Шолпан жетігірек түсініп, Ленинді болашақтың туы, коммунизм орнатудың айбынды міндеттері тұрғысынан да, революция оятып, жаңа өмірге қадам басқан, Ленин идеясы мен ісі үшін күреске белсеніп түскен миллиондаған халық бұқарасының тәжірибесімен де ұштасты-

ра, байланыстыра жырлайды. Шолпанның «Естірту» деген өлеңінің үлгісі мынадай:

Қажымайтын қайратты,
Талмайтын күшті, канатты,
Жаналық тұрмыс орнатқан,
Өтті Ленин дүниеден.
Бай үкметін құлатқан,
Жауыздарды жылатқан,
Мәңгілік кеңес орнатқан,
Өтті Ленин дүниеден.
Көзден жасты ол тыйған,
Кедей үшін жан кыйған,
Онда — әділдік, онда — иман,
Өтті Ленин дүниеден.
Еңбекші елдің шырағы,
Жаңа дүние пырағы,
Кедей елдің қамқоры,
Өтті Ленин дүниеден.
Жас жүректің ұраны,
Келешектің құраны
Уақ ұлттың қыраны,
Өтті Ленин дүниеден.
Халықтың басшы сұңқары,
Жігерлі, күшті тұлпары,
Жолбасшысы кеңестің,
Өтті Ленин дүниеден.
Бұл дүниенің пайғамбары,
Қалың нашар ұлы айбары,
Еңбекші елдің шын қамқоры,
Өтті Ленин дүниеден.
Өзі өлсе де, сөзі өлмес.
Салған жолы өзгермес.
Мирасқоры — өрен жас,
Өтті Ленин дүниеден.

Бұл өлеңнің түрліше новаторлық ерекшеліктері бар. Дөнентаев Ленин образын екі заманды шендестірудің ғана құралы етсе, және символдау тәсілін қолданса, Шолпан Лениннің жан-жақты, нақтылы бейнесін беруге тырысқан. Шолпанның жырлауында Ленин — өткеннің, осы шақтың ғана емес, болашақтың да жауынгер айбары, ісі көптің қолына өткен, сол үшін халық жүрегімен мәңгі

бірлескен, оларды іске, әрекетке жетелейтін адам. Лениннің осы революциялық, халықтық тұлғасын көрсету үшін Шолпан да портрет емес, психологиялық мінездеме жасайды. Шолпан мінездемесінің басты құралы — күрделі эпитет пен күрделі метафора.

Қажымайтын қайратты
Талмайтын күшті, қанатты,
Жаналық тұрмыс орнатқан,
Өтті Ленин дүниеден, —

дегендегі қат-қабат, есім мен етістіктік формаларымен айтылған күрделі, жандандырылған эпитеттер Ленинді істің, әрекеттің адамы етіп көрсетеді. Ал оның бостандыққа жеткізген қызметін айтқанда, акын:

Бай үкметін құлатқан,
Жауыздарды жылатқан,
Мәңгілік кеңес орнатқан

(Ленин) деп, тарихи шендестіру тәсілін қолданады. Ол — «Көзден жасты тыйған, кедей үшін жанын кыйған» адам. Бұл эпитеттер — портреттің емес, саяси мінездеменің құралы, «Ленин кім еді» деген сауалға жауап береді.

Мұнымен де қанағат етпей, Шолпан Ленин образын әлі де болса бұқараға ұғымды, жакын ету үшін көпке таныс толып жатқан ескі метафораларды жаңа мазмұнда қолданады. Ленинді шыраққа, пыраққа, құранға, қыранға, сұңқарға, тұлпарға, пайғамбарға меззейді. Әңгіме бұл сөздердің ескілігінде емес, оның жаңалығында. Мысалы:

Ецбекші елдің шырағы,
Жаңа дүние пырағы,
Келешектің құраны,
Уақ ұлттың қыраны,
Халықтың басшы сұңқары,
Жігерлі, күшті тұлпары,
Бұл дүниенің пайғамбары,
Қалың нашар айбары, —

дегенде, акын поэтикалық тілге зор өзгеріс енгізген. «Келешектің құраны», «Бұл дүниенің пайғамбары» деген ұғымдар тек қарсыластырудың ғана тәсілі, оны үстірт түсінуге болмайды. Сол сыяқты «Басшы сұңқар, күшті, жігерлі тұлпар» дегендердің де орны, мәні бөлек. Өзінің өлеңін де, Ленин образын да

оқымаған көпке ұғымды, түсінікті ету үшін ол көптің санына бұрындар үлкен орын алған «ардақты» сөздерді (иман, кұран, пайғамбар) пайдаланудан қашпайды (әріне, дәл қазір мұндай метафораларды қолдану пайдасыз болар еді). Бұл Шолпан тілінің кедейлігі емес, сол кездегі оқушымен қоянқолтық келудің амалы. Бір кезде «Қағбам Россия болды» деген Абайдың да осындай архаизмдері болған. Сондықтан бұл тұста «Шолпан ескі сөзді қолданды, дін ұғымы шеңберінде қалды» деп тұрпайылаудың қажеті жоқ. Шолпанда мұнымен қатар «жас жүректің ұраны, қалың нашар айбары, езілген елдің қамқоры» дейтін тың, жаңа метафоралар да көп. Осынша метафора тасқыны арқылы Шолпан Ленинің саяси тұлғасын, оның типтік характерін терең жыйнақтаған. Бұл — көбіне Ленинің ішкі дүниесінің жыйынтығы, халықтық тұлғасының суреті. Шолпан Ленин тұсында сыртқы портреттік суреттің үстірт, қажетсіз болатынын жақсы түсінген.

Ленин образын жасаудағы Шолпан қолданған тағы бір жаңа тәсіл — қайталау. Бір ерекше сезімді, суретті оқушыға тереңірек жеткізу, соның мәнін айқындай түсу үшін жазба әдебиетте синтаксистік қайталаулар жиі қолданылады. Ленин тұсында мұны Шолпан да арнайы қолданған. Мысалы, Шолпан жоғарғы «Естірту» деген өлеңнің әрбір алғашқы үш жолын бір ұйқастырып (а-а-а-б), соңғы төртінші жолдарын (б) қайталап, өзінше бір өзгерусіз қайталауға құрады. «Өтті Ленин дүниеден» дейтін сөйлем өлеңде 8 рет қайталанған. Бұл Ленин образын ерекшелуге болысқан.

Мұндай қайталау элементтері С. Дөнентаев пен Исаның Ленин жайындағы лирикасында да бар. Дөнентаевтың қайталауы ұйқаста, оның 20 жолдық өлеңі «көрмеген, ембеген, ермеген, кеудеден...» деген сыяқты бір дыбысты шұбыртпалы ұйқасқа негізделген. Бұ да образды, ойды ерекшелудің бұқараға таныс бір түрі. Олай болса, бұрынғы халық поэзиясындағы дәстүрге айналған ұйқастың бір түрі — шұбыртпалы ұйқаспен жақсы лирика жасалмайды деу — ағаттық. Исада мұндай қайталау сөздік (анафоралық) және сөйлемдік (шұмақтық) формада кездеседі.

Ленин — бүгін беснетқорлар жүрегі.

Ленин — бүгін еңбекші тап тірегі...

Немесе:

Ленин — өлді, — пікірі онын өлген жоқ.

Ленин өлді, — жолын ешкім жеңген жоқ.

Ал сөйлемдік-шумақтық қайталаудың үлгісіне бастапқы бір ауыз өлеңнің үш рет қайталануы дәлел. (Қараныз). Үш акынға тән осы ортақ тәсілдер: а) тарихи шендестіру, б) метафораға негізделген саяси мінездеме, в) поэтикалық қайталаулар—бұлардың өмірге деген жаңа көзқарасынан туған, Ленин бейнесін ерекшеленудің көркемдік құралдары.

Мұндай ерекшеліктер әлгі өлеңдердің құрылысынан да байқалады. С. Дөнентаев пен Иса Байзақов өздерінің Ленинге арнаған өлеңдерін аяғы жұп буынға бітіретін кара өлең өлшеуімен емес, одан көрі күйлі, жеңіл, әсерлік «түрікпен күйі» деп аталатын өлшеумен жазған. Оның ұйкастары так (3) буынға бітеді. Ал Шолпан өлеңі жеті буындық жоқтау жанры өлшеуімен жазылады да, ұйқасы бұрынғы халық поэзиясынан мүлдем бөлек, жаңа.

Жанры жағынан С. Дөнентаев пен Исаның өлеңдері—арнау, ал Шолпандікі — естірту. Бұл — бұрынғы халық поэзиясында көп кездескен түр. Әңгіме оның ескілігінде емес, өлеңге берілген мазмұнда. Шолпан тек дайын форманы пайдаланып, өз өлеңін көппен, өмірмен тығыздық туыстырғысы келген. Шолпанның «Естіртуі» шынында элегия, бірақ онда кайғы, мұңның, дарашылдықтың таныбасы жоқ.

Өзі өлсе де, сөзі әлмес,
Салған жолы өзгермес,
Мираскору — өрн жас,
Өтті Ленин дүниеден —

деп, акын адамға жігер, рух береді. Шолпан «элегиясы» — өміршіл, өршіл жыр.

Сөйтіп бұлар Ленин образын жырлауда жаңа мазмұн, жаңа түр, жаңа тіл тапқан. Сол негізде жаңа, ұлы образ туған.

Шолпанның «Бүгінгі күн» деген екінші өлеңі бұдан көрі өзгешелеу, мұндырақ. Бірінде акын совет халқының Ленин ісіне беріктігін білдірсе, екіншісінде ол миллиондаған бұқараның жүрегінде сол күнгі ауыр жараны айтпакшы болады. «Элегия» деп осыны айтса болады.

Күн бүгін жарлы табы жараланған,
Көтеріп қан Қызыл ту қараланған.
Жүрекке дәл қадалып суық найза,
Жүрегі еңбекші елдің параланған.
Басшымыз Владимир жоқ болған күн.
Жыйналып жұмыскерлер топтанған күн.
Қымбатты асқан алып данышпанын
Қайғырып, кара киіп жоқтаған күн.

Мұндағы «күн» календарьлық ұғымды немесе өмір, заман мағнасында емес, тарихта қайталамайтын 22 январь күні, жер жүзі халықтарының ең сүйікті дос адамының өлген күні, тарихи-қаралы күн мағнасында берілген. Сол үшін ол еңбекшілердің жүрегінен мәңгі орын алатын күн, ұмытылмас күн. Сонымен қатар бұл сөздің символдық-революциялық мағнасы да бар. Бұл күнді бүкіл совет халықтары, жер жүзі еңбекшілері интернационалдық бірліктің, бостандықтың, туыскандықтың жаңа, бақытты өмір орнатудың символы деп біледі. Сондықтан да Шолпан өлеңнің аяғын:

Езілген уақ ұлттың асқан ері,
Тарихтың ең бірінші кемеңгері.
Әлемге айқындалып қызыл туы,
Жасасын жер жүзінің жұмыскері. —

деп жарқын бітіреді.

Әйел тематикасына жазылған өлеңдерінде де Шолпан Ленин образына үнемі оралып отырады. «Жалшы әйелдер аузынан» деген өлеңінде:

Маркс пенен Ленин жолы — жолымыз.
Еркіндікке енді жетті қолымыз.
Арқасында ортақшыл мен кеңестің
Табылады ве тілеген жоғымыз, —

десе, «Өлкелік әйелдер курсынан» деген лирикасында:

Лениннің мәңгі берген туын алып,
Шақырып кедей қызын ұрандаймыз, —

деп, бір жағынан қазақ әйелдерінің Ленин идеясымен күндіктен кұтылғанын, тең праволы болғанын айтса, екіншіден, олардың Ленин идеясымен оянып, жаңа өмірге, ғылым-білімге ұмтылғанын басым жырлайды. Қай

тұста болса да Ленин қалың көппен бірлескен, солардың ғасырлық арманына ем тапқан адам.

Шолпан Ленинді партиядан, халықтан жырып алып, абсолют образ ретінде жырламайды. Ол — тек көптің қамқоры, көсемі. Оның ісін коммунистік партия бастаған бүкіл совет халқы аяқтамақ.

Ұрандаған Ленин атты бабамыз,
Соңына ерген ортақшыл тап — ағамыз, —

дегені сол. Партия мен совет үкметі Ленин ісін алға бастырушы жолбасшы күш болып шығады.

Шолпанның Октябрь идеясы, Ленин жайында жазылған жырлары өзінің мазмұны тұрғысынан партия мен халықтың, совет үкметі мен туысқан елдердің достығы, тығыз бірлігі негізінде жырланған. Сондықтан бұл өлеңдер — сонымен бірге партия мен халық жайындағы жырлар. Бұл тұста Ленин бейнесі көпке, көптің бейнесі Ленинге көшіп отырады. Ленин образын жасауда Шолпан біздің осы күнгі жазба ақындарымыздың бәрінен де марка, өзгеге үлгі-өнеге болған, жаңашыл ақын.

ШОЛПАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТЕМАТИКАСЫ

Жас совет республикасының көпке өте-мөте ұнаған революциялық айбынды ұрандарының бірі шығыс халықтары арасында сан ғасырдан бері орын тепкен, шарифат пен әдет-ғұрп заңы орнатқан әйел басындағы теңсіздікті жою, оларды ерлермен тең праволы ету, жаңа өмірге қатыстыру міндеттері болатын. Қазақ республикасы құрылған күннен бастап бұл іске үлкен мән беріліп, қазақ әйелдері өмірінде зор тарихи өзгеріс пайда болады. Ауыл-ауылдан жүздеген, мыңдаған әйелдер жасағы, активі жасалады. Қалың мал, көп қатын алу, бесік құда, белқұда, әменгерлік, теңсіз неке, жас қыздардың шалға берілуі сыяқты ескіліктің зыянды шырмауларын, қазақ әйеліне жасалған сан ғасырлық феодалдық-діншілдік зорлықты түп тамырымен жою ретінен Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Комиссарлар Советінің 1920 жыл, 28 декабрьдегі «Қазақ арасындағы қалың мал салтын жою туралы» декретінің мәні аса зор болды. Осы негізде қазақтың еңбекші әйелдері, қыздары, партия, ком-

сомол ұйымдарына кіріп, 5—6 айлық сауат мектептерінен өтіп, тез білімденіп, ауылдағы жаңа өмірдің бір актив жасағы бола бастайды. Қазақ әйелдері арасында туған осы жаңа қозғалысты Шолпан өзінің 1925 жылғы «Ленин және қазақ әйелдері» деген мақаласында аса шыншыл суреттейді. («Еңбекші қазақ», 1925 жыл, 21 январь, № 280). Мұнда Шолпан «әрбір ас пісіруші әйел мемлекет ісіне қатысқанда ғана коммунизмге жетуге болады» деген Ленин сөзін өз сөзімен келтіре отырып, Лениннің өсиеті бірте-бірте іске асып жатыр, өткен 21—22 жылдары оқуға талпынған, іске кіріскен әйелдер бірен-саран ғана болса, 23 жылы бірдің орнына он, 24 жылы онның орнына жүз, мың боп саналуға келеді. Қазақ әйелдері өзінің адамдық правосын түсініп, Ленин өсиетіне сай өзгеріп, өсіп келеді, олар ерлермен қатар қоғам жұмысына қатысуда, — дейді Шолпан. Бұдан ары: Бұдан не көрінеді?. Әрине, Лениннің өсиетінің жүзден бірі болса да құр сөз болып қала бермей, іске асқаны көрінеді. Өткен 21—22—23 жылдар мен 24 жылдың арасын айырып, салыстырып карасак, қазақ әйелінің әлдеқайда алға кеткендігі көрініп отыр. Ортақшыл партиясына, жастар ұйымына топ-топ боп кіріп жатқанын көреміз Бұдан не сезіледі? Бұдан: 2—3 жылдың арасында қазақ әйелінің өз араларында бірталай қозғалыс болғандығын сезіледі», — деп жазады Шолпан. Мақаласының соңында ол: «Бұдан былай оқып жүрген қазақ жастары, көзі ашыла бастаған қазақ әйелдері шамасы келгенше тырысып, артта қалған, байлардың әлі күнге күншілігімен жүрген әйел бауырларын ерінбей еңбек сіңіріп, оқуға тартып, көзін ашып, кеңес үкметі мен ортақшыл партиясының туы астына жетектейді деген сеніміміз зор», — дейді. Шолпанның өзі осы әйелдер қозғалысының басы, серкесі болды. Қазақ әйелдерінің ауыр халіне жаны елден бұрын ашыған акын олардың теңдікке жеткеніне шын пейілден қуана отырып, қазақ әйелінің правосы, болашағы үшін ескілік атаулымен ерлерше күресті. Шолпанның әйел тематикасындағы өлеңдері осылай туған.

Иманбаеваның әйел теңдігі тақырыбындағы өлеңдері екі салалы: бірінде, мысалы, «Қоңыр қаз», «Арыз», «Қалима жолдасқа» деген сыяқты өлеңдерінде акын өз басынан өткен күндерді, өз бейнесін жырласа, екіншілерінде, мысалы, «Жолаушы мен әйел» (1924), «Жалшы

әйелдер аузынан», «Қазақ әйеліне» (1925), «Жамал жолдасқа, «Өлкелік әйелдер курсынан» (1924) деген сыяқты өлеңдерінде жалпы қазақ әйелінің өткені мен бүгінін бостандық идеясы тұрғысынан кең толғап жырлайды.

Акынның өз басының мұң — зарын, арманын жырлайтын өлеңі «Қоңыр қаз» — символдық образдауға негізделген лирика. Бұл — жазба әдебиет үшін жаңа түр. Мұны Шолпан 1921 жылы, Бекейден шығар кезде, бай есігінде күндікте жүргенде совет қызметкерлерінің біріне арнап жазған. Жаңалығы өлеңнің құрылысында емес, мазмұны мен образында. Бұл тамаша реалистік өлеңнің символы екі жақты. Өлеңнің бірінші жартысындағы сусыз аралға жалғыз қонған қоңыр қаз ескі салтқа тұтқын болған қазақ әйелінің бейнесін береді.

— Аралға қонды суы жоқ,
Мезгілсіз ұшқан қоңыр қаз.
Бауырын төсеп жатуға,
Жапырағы жоқ, жері саз.
Ұялап өскен жеріне,
Қайтайын десе қанқылдап,
Болар ма екен оған жаз.
Ұшайын десе, мерген көп,
Андымайтын адам аз.

Қазақта «Жалғыз қаз келгенмен жаз болмайды» дейтін мақал бар. Шолпан осы мақалға қарама қарсы «Қаз жалғыз да болса жаз аңсайды» деген ойды аңғартады. Сусыз арал — Шолпанды жасынан тұтқын еткен ескі болмыс. Акын ол кезде ел ішінде ескі салттың күшінің әлі де мығым екендігін, одан құтылу оңайға түсе қоймайтынын аңғартады. Өлеңнің екінші жартысындағы символы — бостандық идеясын аңсайтын романтика, азаттық арманы:

Жаз аңсағыш қоңыр қаз, дала қазы, шалқар көлсіз өмір сүре алмақшы емес, ол қаздың қонысы. Осындағы сусыз арал мен шалқар көл — ескі мен жаңаның шендестірілген, қарсыластырылған тартыса, бейнесі.

— Аралда жатқан осы қаз,
Ұшатын күні болар ма?
Дария шалқар көлдерге,
Қонатын күні болар ма?

Өлеңнің соңында реалистік аяқтама бар. Мұнысы шешу:

— Бұл коңыр, қаз жапанда,
Қонар жерін көздейді.
Бірге сайран қылам деп,
Ақ сұңқарын іздейді.
Басқа құсты дүниеде,
Сірә көзге ілмейді.
Асыққан жетпес дегенмен,
Сұңқардан күдер үзбейді.
Әдет-ғұрып заңынан,
Сөз аяғы созылып,
Іздеген сұңқар кездеспей,
Қоңыр қаз қатты шөлдейді, —

деген жерде өзінің теңіне қосылу, жана өмірге жету жолындағы Шолпанның ішкі арманы айтылады. Мұнда бостандыққа ұмтылған бүкіл қазақ әйелінің де мұң-зары жыйнақталған.

Шолпанның Бекей есігінде жүріп күндік өмірдің қанды тырнағында қалуы өзінше бір трагедия болса, оның бір өзіне ескі салтты бұзып, одан құтылу оңайға түскен емес. Бекей қазақшылықты пайдаланып, Шолпанның ағайындарына кісі салып, оны бірнеше рет есігіне қайтып апарған. Осы тартыста Шолпан көп уақыт жалғыз қалды. Қызметке араласқандар оның арманына жете түсініп, бірден көмек көрсете алмайды. Байлар, молдалар: «Шолпан Бекейдің алтын босағасын аттады, аруаққа шет болды, ол қарғысқа ұшыраған әйел, оның ақыры жақсы болмайды» деп, неше түрлі арзан өсекті таратып бақты. Көптің аты — тентек те болса көп. Осы кертартпа топтардың жаласы салдарынан Шолпан Бекейден кеткен соң да көп уақыт не ерге шыға алмай, не оқуға араласа алмай, жетімдік көреді. Шолпанға ақ сұңқардың оңай табылмайтыны да содан. Өйткені ол кезде сол «ақ сұңқарлардың» өздері де ескі салттан түгелдей айығып кете қойған жоқ еді. «Ғұрпы-әдет заңынан, сөз аяғы созылды» дегені сол.

Мұның үстіне, сол кезде аудандық, уездік орындарға орналасып алған ескі интеллигенттердің де көзқарасы Шолпанға адал бола қоймады. Шолпан кейбір жағдайларда сол қызметкерлердің салғырттығымен біраз қырғый

кабак болған. 1921—1922 жылдары сауатын ашып, газет журнал оқып бастаған Шолпан Ақмола коммунасындағы азық-түлік, киім-кешек қыйыншылықтарын көзімен көрген. Жетім балалардың тұрмысын жақсартуға уездік, губерниялық орындар тарапынан көңіл бөлінбегенін айтып ол үкмет орындарына бірнеше арыз да берген, газетке де жазған. Келген комиссиялар Шолпанның хат-хабарларының дұрыстығын анықтап, айыптылар сотталған. Бұл Шолпанға тиімді болған жоқ. Осыдан болу керек, 1922—1924 жылдар арасында Шолпан Ақмоладағы балалар коммунасынан кетіп, Атбасардағы әйелдер бөлімінде істеген. Орынбордағы курске де ол осы алыс түкпірден келген.

«Қоңыр қаз»дың идеясы Шолпанның «Бұлбұл мен қарға» дейтін мысалында тереңдетілген. Бұл мысалдың негізгі тақырыбы — әйелдің өткендегі ауыр тұрмысы, мұң-зары ғана емес, сонымен бірге Октябрь революциясының бейнесі. Мысалда қалың қарға бұлбұл құсты қамап, тұтқындан, торға түсіреді. Бұлбұл өзінің мұңды жырымен бостандықты, еркіндікті аңсайды. Бірақ оның зарына ешбір құс рахым етіп, көңіл қоймайды. Сол кезде шығыстан соққан бір қызыл жел (дауыл) «қара жүрек, жауыз қарғалардың» торын быт-шыт қыйратып, бұлбұлды азат етеді:

Соңынан қызыл желдің бұлбұл ерді.
Таркатты сайрап бұлбұл қайғы-шерді.
Зорлық түбі — қорлық деу осы екен деп,
Сан соғып қара қарға қала берді.
Бұлбұлдың бостандық ап көңлі тынды.
Көрген соң жайнап шыққан қызыл күнді.
Бұдан басқа бізге дос жоқ екен деп,
Тәжірибе қып қарайды өткен күнді.

Бұл мысалдың төтелей мегзейтіні — революция жемісі. Өлеңнің қарға мен бұлбұл образына байланысты жері мысал болса, қызыл жел (дауыл) тұсындағы суреті — символ. Мысал — сатиралық элемент, ал символ — революциялық романтика көрінісі. Екі түрлі образдау тәсілінің бірлесуі арқылы социалистік реализм әдісіндегі новаторлық өлең үлгісі пайда болған.

Қазақ әйелдерін тұтқын еткен мұндағы қара қарғалар — өлексі жеп семірген қазақтың феодалдары мен

байлары, молда-кажылар. Олар — халыққа да, жаңалыққа да жау, ұнамсыз, сатиралық пішінде берілген образдар. «Қарғалардың заманында жауыздардың табанында езілген сорлы бұлбұл» — азаттық аңсаған қазақ әйелінің бейнесі, халықтық мінезде берілген тұлға. Ал қызыл жел мен қызыл күн: бірі — Октябрь, бірі — совет үкіметінің символы. Өлеңнің тақырыбы да (идеясы), образдары да қат-қабат. Аяғында акын атынан берілген ғыбра-ты (шешуі) бар, онысы — үш шумақ өлең. Сөйтіп бұл өлеңдердің идеясы, шыншылдығы қандай терең болса, образдау тәсілдері де соншалық бай, жаңа. Осы жағынан бұл символдық-мысалдық немесе солардың ұштасуынан туған синкретикалық өлеңдерді тек Шолпанның өз трагедиясын суреттейтін нәрсе ғана емес, асылында, бүкіл езілген қазақ әйелдерінің өмірін жыйнақтайтын көркем образ деу қажет. Шолпан (бұлбұл, қоңыр қаз) қазақ әйелдерінің көпшілігіне тәп ой-сезім, өмір көрінісін беретін типтік тұлға, Белинскийше айтқанда, «тағыс бейтаныс».

Бірақ Шолпанның әйел тематикасындағы өлеңдерінің алтын қаймағы — бұл емес, оның «Жолаушы мен әйел», «Қазақ әйеліне», «Жалшы әйелдер аузынан», «Өлкелік әйелдер курсынан» деген жаңа өмірдің мәнін де, суретін де шыншылдықпен суреттейтін 4—5 өлең. Бұлар — бүкіл қазақ поэзиясының да тамаша үлгісі.

«Жолаушы мен әйел» — 1924 жылдың январында қазақ әйелінің қалың малдан азат болған күніне арналып жазылған саяси лирика. Бұ да «Жолаушы мен жұмыскер» сыяктанып, сұрау-жауап түрінде драмалық формаға құрылған. Басында сахнада айтылу үшін жазылған болу керек. Жолаушыны акын екі рет, әйелді бір-ақ рет сөйлетеді.

1) Қолына қызыл ту алған,
Жайрандап мұнша қуанған,
Қазақтың ылғи әйелі,
Ұрандасқан, уанған,
Бұл қандай күн, шырағым?
Айтшы жөнін бұлардың.
Мұнша ардақты қандай күн?
Білуге мұны қуанамын. —

деген жолаушы сұрағына әйел:

Білмек болсаң, айтайып,
Тоқтап, жолдас, құлақ сал.
Теңдік алып әйелдер,
Жоғалған күні қалың мал...
Ұрандасып, жыйылып,
Бостандық туын алған күн.
Еріксіз шалға бармауға,
Ата-ана тілін алмауға,
Шын уағда берген күн.
Ортақшылдың*) соңына,
Жасанып кедей тобына,
Шын ынтамен ерген күн.
Теңдік таңы басына,
Жалпы кедей жасына,
Күле карап күлген күн.
Қабыл болып көз жасы,
Ортақшыл боп жолдасы,
Көңіліне шаттық енген күн. —

деп жауап береді.

Бұл өлеңде акын Октябрьдің ғана емес, соның нәтижесінде іске асқан қалың малдың жойылған күнін, сол күннің қазақ әйелінің өмірінен алатын орнын баяндайды. Қазақ әйелінің өткендегі мұң-зарымен таныстығы бар жолаушыға бұл күннің мәні ерекше ұнайды. Сондықтан өлеңнің аяғында жолаушы:

— Рас, рас, шырағым,
Түсіндім енді сөзіңе.
Қуанған мен де жұмыскер,
Тап болдым тойдың кезіне.
Қайырлы болып адымың,
Жалпы әйелдер бәріңнің,
Еркіндік, теңдік ұраны,
Жайылсын дүниежүзіне, —

деп өз сұрағының түйінін өзі шешеді. Мұндағы жолаушы — шаруа емес, жұмыскер, сол әйелдердің тағдырына болысушы. Мұның екеуі де жаңа, совет адамданының характері.

Жоғарғы өлеңде көбіне жаңа өмірдің, қалың мал салтына қарсы күрестің мәні суреттелсе, «Қазақ әйеліне» «Жалшы әйелдер аузынан» деген екі өлең қазақ әйелдерінің өткені мен бүгінін салыстырады.

*) Ортақшыл — коммунистік партия.

Бос жатқан сахарада казак елі,
Қазақтың ерік алды әйел-ері.
Кешегі Николайдың заманында,
«Бес байтал» болып еді әйел теңі.
Қор болып бір есекке қосақталған,
Әйелдің талай маңғаз асыл тегі.
Күнәсіз сандуғаштар сайрап жүрген,
Ол кезде кара құстың болған жемі.

деп өткенді бір түйіп, еске түсіреді де, өлеңнің қалған бөлшегінде әйелдерді жаңа өмірге, ғылым-білімге ұмтылып, өз правосына ие болуға шақырады:

Бәрі бір білімдінің оң мен солы.
Теңдікке жетім-жесір жетті қолы.
Талаптан, оян, ойлан, жас гүлдерім,
Жокталды бұл уақытта әйел кегі.
Майданға түс, сыбаға ал заманында,
Ашылды мандайыңның қалың соры.
Мұраты жас жүректің болып қабыл,
Кез болмай бір наданның жайған торы. (1925)

Өлең казак әйелінің тағдыры арқылы екі заманды саластырады. Соңында жаңалыққа шақыру (үгіттеу) бар. Мұнысы — үгіттің де бір мазмұнды, көркем, логикалы түрі. Үгіт жалаң идеяға емес, тиістік суретке құрылған. Шолпан үгіт элементін силлогизмге немесе «сезімшілдікке» емес образға, өмір суретіне негіздейді.

Шолпанға тән осы реалистік-тарихи шендестіру (қарсыластыру) оның «Жалшы әйелдер аузынан» деген өлеңінен ерекше байқалады. Осы 13 шумақ өлеңнің алғашқы 6 шумағы «Өткен күнде», қалған 7 шумағы «Бұл күнде» деген бөлек тақырыппен берілген. «Өткен күнде» деген бөлшегін жоғарыда Шолпанның өмірбаянын әңгімелегенде айтқан едік. Ондағы көп жыл бұзау, қозы соңында, күл шығарып, тезек теріп жүрген, жауыз байдың күні болған тек Шолпан ғана емес, бүкіл казак әйелі болатын. Өлеңнің «Бұл күнде» деген бөлімі жаңа, советтік өмірдің суреті мен ұранына, пафостық жалынға толы.

Ұрандаған Ленин атты бабамыз.
Соңынан ерген ортакшыл тап — ағамыз.
Кедей мұңы, жалшы жоғын жоқтаған,
Кемдік көрсек советке кеп шағамыз.

Біз секілді күндіктегі сортылар,
Теңдік алды міне бүгін қараныз.
Бірте-бірте жолды танып түзулік,
Ашылмақшы атқан таңдай санамыз.
Мұңымызды басшыларға шағамыз.
Оқу, оқып, өнер-білім табамыз,
Өзіміздей күншілдікте жасаған,
Қараңғы елге теңдік шамын жағамыз.
Тәжірибемен тапқан өнер-білімді,
Шашпақшымыз келгенінше шамамыз.

Шын уәде осылай деп береміз.
Еңбекші тап соңдарынан ереміз.
Сардаланың жалшы әйелі езілген,
Осы жолға түседі деп сенеміз.

Шолпан әйелдерді теңдікке жеткізумен ғана тынбай, оларды Маркс — Ленин ілімі, оқу-біліммен қаруланып, халыққа, жаңалыққа қызмет істеуге шақырады. Әйелдерді социалистік құрылыстың болашақ актив, саналы орнатушылары деп біледі. Барлық қазақ еңбекшілері сыяқты, қазақ әйелдерінің де қамқоры — коммунистік партия, олардың жолы — Маркс пен Ленин жолы, соның ұлы оқуы деп келіп:

Тар өткелден Ленин бастап өткізген,
Іштің шерін, көңіл кірін кеткізген.
Мәңгі жаса кеңес пенен ортақшыл,
Еркіндікке жалшы әйелді жеткізген,

деп түйеді.

Бұл өлеңдердің бірі — драмалық формада, екіншісі — акынның өз атынан жырланатын лирика түрінде, ал соңғысы жалшы әйел атынан сөйленеді. Акын саяси сахнаға шыққан халықтың өзін сөйлетеді. «Жалшы әйелдер аузынан» деген өлеңде эпос элементі де бар. Басы — хикаялау (повествование), аяғы — жалынды үгіт. Сөйтіп, мұнда лирика мен эпос элементі ұштасып тұр. Бұл сыяқты синкретизм элементтері — Шолпан поэзиясының революциялық рухынан туған новаторлық қасиеті.

Мұндай шендестіру өлеңнің жанр ерекшелігінде ғана емес, тілінде де бар. Акын жалшы әйелдің өткендегі тұрмысын көрсеткенде, «жауыз бай», «ауыр тұрмыс», «далба-дұлба шокпыт киім», «тас түйін», «талай заман күн өтті», «ашылмаған күндік тұман түн өтті» деген сыяқты

алеумет теңсіздігінің сырын ашатын күрделі метафоралық эпитеттер қолданса, советтік заманды суреттегенде: «Көздің жасы сел-дария болғанда, «теңдік» деген ұрандаған ұн жетті» деген метафоралар қолданған. «Атқан таңдай ашылған сана», «қараңғы елге теңдік шамын жағу», «тар өткелден өткізген Ленин», «жалшы жоғын жоқтаған, ұрандаған Ленин» — шендестірудің лексикалық көрінісі. Сөйтіп, Шолпан суреттерінің іші-тысы бірдей шендестірілген. Шолпанның метафоралары қат-қабат: Ленин — баба, ортақшыл тап — аға, күңдіктегі сорлылар — әйел, теңдік шамы — бостандық, жол — Маркс пен Ленинді оқуы, коммунизм идеясы. Бәрі де жаңа-жаңа қолданылған метафоралар. Сол сыяқты «мен» дейтін жалшы әйелдің образы да екіге бөлінген. Бұрын ол — күң, қазір — теңдік алған, санасы өскен азат адам, жаңа өмірдің орнатушысы. Өлеңде портрет пен мінездеме қатар қолданылады. Осылардың нәтижесінде өлеңнің идеялық мазмұны да, образы да сараланып, реализмі күшейген. Өлең екі заманды бірдей танытады. Сол үшін де оның тәрбиелік мәні зор. Қазақ совет поэзиясында мұндай қаны толық, әсерлі өлеңдер сирек кездеседі. Шынымызды айтсақ, Сәбит Мұқановтың алғашқы кезде жазған «Көңілім», «Жалшы зары», «Бостандық» деген лирикасынан Шолпанның бұл өлеңдерінің қаны толығырақ, диапазоны (арқауы) кең, көркемдік тәсілдері алуанырақ. Жалаң «сезімге» құрылған, сөз бен ұйқастың бос нақышына, қошқар мүйіз өрнекке тоқылған қазіргі көптеген өлеңдеріміздің кестесі, ой-сурет байлығы да бұлардан кейде төмен.

«Өлкелік әйелдер курсынан» деген өлеңді Шолпан советтік санаға жетілген, қоғам қайраткері болған әйелдердің мінез-құлқы (поведениесі) мен міндеттеріне арнайды. Шолпан оларды, ең алдымен, ескі салтты сүймейтін, ескілік атаулымен күресе білетін жаңа дүние қаһарманы ретінде қалыптастырады:

Жаркырап алтын-күміс тағынбаймыз.

Қызарып опа далап, жағынбаймыз.

Лениннің өсиеті — өнер-білім.

Байлардай мал-дүниеге бағынбаймыз.

Бұлар — жүзік, сырға салатын ауыл әйелдерінен де, опалайтын, мешандық тәрбиеде өскен қала әйелдерінен де бөлек тұлғадағы, Ленин типіндегі жаңа совет за-

манының әйелдері. Олар залымның алдауына көне берген, мал үшін шалға барған, сол үшін көптеген қайғы-қорлық шеккен надан, пассив әйелдерден емес. Оқу-білім, Ленин идеясы, еңбек, халыққа қызмет істеу — бұлардың ардақты борышы.

Еңбексіз залымдарды тең көрмейміз.
Жолында өнер-білім бөгелмейміз.
Басшымыз Ленин бізді теңеп кеткен,
«Мен казак, сен орыс» деп жік бөлмейміз.

Ленин идеясы барлық ұлттарға ортақ, оларды туыстыратын, коммунизм құрылысына жұмылдыратын жолбасшы күш болады.

Шолпанның арманы — казак әйелдерін ескілік торынан құтқарып, оларды ерлермен бірдей қоғамның тең, саналы, актив мүшесі ету десек, оның бұл тілегі қазір толығымен іске асты.

Қазактың қыздары қазір ерлермен бірдей білім алып, саясат, мәдениет, экономика майданындағы жұмыстарға бірдей қатысуда. Олардың ішінен Күлаш, Жамал, Шара, Роза, Найля, Маметова сыяқты үлкен таланттар пайда болды.

Бүгінгі қыз-келіншектеріміз казак әйелінің өткендегі ауыр тұрмысымен онша таныс емес. Олар «әйел теңсіздігі» дейтін терминдерді ұмытуға да айналған. Бірақ мұнымен Шолпан өлеңдерінің мәні ескірмейді, қайта тәрбиелік мәні күшейе түседі. Оның өлеңдерін оқығанда біз казак әйелдерінің сан ғасырлық азабымен, совет үкметінің алғашқы кездегі ой-санасымен танысамыз. Ескісіз жаңа жоқ. Сол негізде бүгінгі бақытты, мәдениетті өміріміздің мәнін тереңірек түсінеміз. Бұл — бір. Екіншіден, әйелге ескіше қарау, жас қыздарды оқудан айырып, ерге шығару фактілері осы кезде де жоқ емес. Мұндай қылықтармен әкімшілік ретінде ғана емес, саналы коммунистік тәрбие негізінде ғана күресуге болады. Бұл реттен Шолпан өлеңдерінің эстетикалық — білімдік мәні өзгеше.

ЖАСТАР ЖӘНЕ ОҚУ-БІЛІМ ТЕМАТИКАСЫ

Шолпанда жастар мен ғылым-білім тақырыбы да кездеседі. Мұның үлгілері «Жеттік міне» (1923), «Пионерге» (1925), «Біздің Сәуле» (1925), «Жас қайратқа» және

жастарға» (1925), «Жас ініме» (1925), «Балмағамбетке» (1926).

Осылардың ішінен кең арнаға құрылған өлең — «Жеттік міне». Мұны Шолпан 1923 жылы емес, одан бұрынырақ, жетім балалар үйінде істеп жүрген кезінде жазған болу керек. Кішігірім, елеусіз делінген тақырыпты үлкен планда, тереңдеп жырлай білетін Шолпан бұл өлеңді де тарихи салыстыруға, өткір тартысқа құрған. Тегінде Шолпанда бос өрнек, нақыш қуған, әсерсіз, мазмұнсыз өлең болмауға тиіс. «Жеттік міне» деген жетім бала атынан айтылатын өлең былай басталады.

Қайғылы, шерлі көңілім,
Қасиретпен өтіп өмірім,
Өзімді бүгін байқасам,
Келіпті шаптық басыма.
Жыладым талай өкіріп,
Көрінген адам зекіріп.
Қараңғылық таңынан
Құтылды деген осы да.
Ата-анадан айрылып,
Қалғандай канат қайрылып,
Қара жүрек ағарып,
Тенелді деген осы да.
Ерік Тимей өзіме,
Жан көрінбей көзіме,
Солып жүрген сұм көңіл,
Толды деген осы да.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Көзден ағып қанды жас,
Сол күндерден құтылып,
Тенелді деген осы да.

Мұнда көбіне жетім баланың өткендегі ауыр өмірі бүгіннің тұрғысынан шендестірілген. Сол қайшылық, тас түйін өлеңнің екінші жартысындағы:

Басыма келді бұл шаттық,
Бостандық көрдік, қуандық.
Кешегі өткен күндерді,
Ойлап көңіл жасыма.
Кидің киім қазнадан,
Іштің тамақ қазнадан,

Жау жүрек ер боп өсетін
Біз бір шыққан қаһарман, —

деген сөздермен шешіледі. Арқа бетте 1920—1921 жылдары азамат соғысының салдарынан болған жұттар тақырлап кеткен бұл жетімдердің атасы да, анасы да совет үкметі болғандай. Бірақ мұның да символдық мәні болуға тиіс. Шолпанның бұл жердегі айтып отырғаны бір жағынан өзі тәрбиелеген жетім балалар болса, екінші жағынан бүкіл казак халқының өткенін жыйнақтайтын нәрсе болса да ғажап емес. Онысы сол өлеңнің аяғындағы:

Теңдік көріп қуанып,
Жас балаша уанып,
Кел майданға шығалық,
Қолға қызыл ту алып, —

деген шумағынан белгілі.

«Пионерге» деген өлеңнің негізгі тақырыбы — жастарды патриотизмге, совет идеясына тәрбиелеу. Өлең өсиет түрінде жазылған:

Залымның ерме жолына,
Туынды ұста қолына,
Жетекшісі жастардың,
Білім сенде, пионер.
Оқу оқы, жалықпа,
Пайданды тигіз халыққа.
Езілген таптың қорғаны,
Билік сенде, пионер.
Қолыңа қару алатын,
Тайсалмай жауға баратын,
Жауыңа ойран салатын,
Үміт сенде, пионер.
Еңбекші елдің ұланы,
Кеңестің ерке бұланы.
Жеткіншегі кедейдің,
Тегіс жаса, пионер.

Пионерлерге Шолпан 4 түрлі шарт, міндет қояды: а) байлардың (залымдардың) жолына ермеу, совет идеясына берік болу, б) оқу-білім алып, халыққа, Отанға, жаңалыққа қызмет істеу, в) отанды қорғау, жауға ойран салу, г) еңбекші-кедейлердің, совет үкметінің барлық ісіне,

мүдесіне ортақ совет елінің ұланы болу. Жас ұрпақтар болашақтың иесі, коммунизмнің орнатушылары болып шығады. Кішкене тақырыпты үлкен планда жырлаудың үлгісі осындай. Шолпанның бұл өсиеттері ескірмейді.

«Біздің Сәуле» деген өлеңінде акын комсомол қатарындағы совет қыздарының қандай мінезде өсуге тиіс екенін баяндайды:

Біздің Сәуле, болып әуре,
Көріңгенге көз салмай.
Сабырлы, өршіл, кемеңгер,
Жеңіл мінез еш болмай,
Әділдік пен адалдық,
Тура жолда жүрмек ол,
Қайда езілген жарлы бар,
Бәрін бірдей көрмек ол.
Білім тасын жалықпай,
Еңбек етіп термек ол.
Бейнеттеніп тапқанын,
Кейінгіге бермек ол.

Акын қыздарды да байыптылықпен тәрбие алып, коммунизм жолында қызмет істеуге шақырады. Осы Сәуле атын кейін Асқар Токмағамбетов әнге қосты.

«Жас ініме» деген өлеңнің бас тақырыбы — оқу, білім. Бұл өлеңінде Шолпан жастарға ойын-күлкіге салынып, айт пен той қуып, ұсақтап кетпе, арам тамақ байларға, залымдарға алданба, оқу оқып, озат совет аламы болып, Ленин жолына түс, адал бол деп ақыл береді. Ғылым-білім тақырыбының ағартушылардан бастап үлкен проблема болғаны белгілі. Абай, Ыбрай, Шоканның бұл жөндегі ұлы арманы совет үкметі дәуірінде ғана іске асты. Нандандық, білімсіздік Шолпан дәуірінде де жаңалыққа көлденен тұрған құбылыс болғандықтан, ол бұл мәселеге үлкен, халпыхалықтық, мемлекеттік мән берген. «Сауатсыз елде коммунизм құрып болмайды» деген Ленин сөзін білген Шолпан ғылымды бұрынғы казактың ағартушыларынаша прогресс мағнасында ғана емес, советтік, коммунистік құрылыстың құралы ретінде жырлайды.

Осы өлеңдерімен Шолпан казак совет поэзиясында жастардың, комсомол мен пионердің образын жасайды. Соның бірі — жетім бала. Ол — көбіне казактың өткенін жыйнақтайтын бейне. Оның өткені, бүгіні, келешегі бар. «Пио-

Жау жүрек ер боп өсетін
Біз бір шыққан қаһарман, —

деген сөздермен шешіледі. Арқа бетте 1920—1921 жылдары азамат соғысының салдарынан болған жұттар тақырлап кеткен бұл жетімдердің атасы да, анасы да совет үкметі болғандай. Бірақ мұның да символдық мәні болуға тиіс. Шолпанның бұл жердегі айтып отырғаны бір жағынан өзі тәрбиелеген жетім балалар болса, екінші жағынан бүкіл қазақ халқының өткенін жыйнақтайтын нәрсе болса да ғажап емес. Онысы сол өлеңнің аяғындағы:

Теңдік көріп қуанып,
Жас балаша уанып,
Кел майданға шығалық,
Қолға кызыл ту алып, —

деген шумағынан белгілі.

«Пионерге» деген өлеңнің негізгі тақырыбы — жастарды патриотизмге, совет идеясына тәрбиелеу. Өлең өсиет түрінде жазылған:

Залымның ерме жолына,
Туынды ұста қолыңа,
Жетекшісі жастардың,
Білім сенде, пионер.
Оқу оқы, жалықпа,
Пайданды тигіз халыққа.
Езілген таптың қорғаны,
Билік сенде, пионер.
Қолыңа қару алатын,
Тайсалмай жауға баратын,
Жауыңа ойран салатын,
Үміт сенде, пионер.
Еңбекші елдің ұланы,
Кеңестің ерке бұланы.
Жеткіншегі кедейдің,
Тегіс жаса, пионер.

Пионерлерге Шолпан 4 түрлі шарт, міндет қояды: а) байлардың (залымдардың) жолына ермеу, совет идеясына берік болу, б) оқу-білім алып, халыққа, Отанға, жаңалыққа қызмет істеу, в) отанды қорғау, жауға ойран салу, г) еңбекші-кедейлердің, совет үкметінің барлық ісіне,

мүддесіне ортақ совет елінің ұланы болу. Жас ұрпақтар болашақтың иесі, коммунизмнің орнатушылары болып шығады. Кішкене тақырыпты үлкен планда жырлаудың үлгісі осындай. Шолпанның бұл өсиеттері ескірмейді.

«Біздің Сәуле» деген өлеңінде акын комсомол қатарындағы совет қыздарының қандай мінезде өсуге тиіс екенін баяндайды:

Біздің Сәуле, болып әуре,
Көрінгенге көз салмай.
Сабырлы, өршіл, кеменгер,
Жеңіл мінез еш болмай,
Әділдік пен адалдық,
Тура жолда жүрмек ол,
Қайда езілген жарлы бар,
Бәрін бірдей көрмек ол.
Білім тасын жалықпай,
Еңбек етіп термек ол.
Бейнеттеніп тапқанын,
Кейінгіге бермек ол.

Акын қыздарды да байыптылықпен тәрбие алып, коммунизм жолында қызмет істеуге шақырады. Осы Сәуле атын кейін Асқар Тоқмағамбетов әңге қосты.

«Жас ініме» деген өлеңнің бас тақырыбы — оқу, білім. Бұл өлеңінде Шолпан жастарға ойын-күлкіге салынып, айт пен той қуып, ұсақтап кетпе, арам тамақ байларға, залымдарға алданба, оқу оқып, озат совет адамы болып, Ленин жолына түс, адал бол деп ақыл береді. Ғылым-білім тақырыбының ағартушылардан бастап үлкен проблема болғаны белгілі. Абай, Ыбрай, Шоканның бұл жөндегі ұлы арманы совет үкметі дәуірінде ғана іске асты. Нандық, білімсіздік Шолпан дәуірінде де жаңалыққа көлденең тұрған құбылыс болғандықтан, ол бұл мәселеге үлкен, халпыхалықтық, мемлекеттік мән берген. «Сауатсыз елде коммунизм құрып болмайды» деген Ленин сөзін білген Шолпан ғылымды бұрынғы қазақтың ағартушыларына прогресс мағнасында ғана емес, советтік, коммунистік құрылыстың құралы ретінде жырлайды.

Осы өлеңдерімен Шолпан казак совет поэзиясында жастардың, комсомол мен пионердің образын жасайды. Соның бірі — жетім бала. Ол — кәбіне қазақтың өткенін жыйнақтайтын бейне. Оның өткені, бүгіні, келешегі бар. «Пио-

нер», «Сәуле», «Жас інім» совет жастарының сол кездегі типтік бейнесін береді. Олар — оқу-білім жайындағы халық арманының символы. Бұл реттен Шолпан — біздегі балалар әдебиетінің де бір бастаушысы, шебері.

ШОЛПАННЫҢ САТИРАСЫ

Шолпанда аз да болса көріне бастаған сатира элементі бар. Мұның үлгілері — «Зейнепке» (1926). «Жәкең жанман сасады» (1926), ішінара «Бұлбұл мен қарға» (1925) мысалы. Бұл өлеңдердің басты тақырыбы — ескі мен жаңаның тартысы, тап күресі. Осылардың ішінен алдыңғы екі өлеңнің сатиралық рухы толық.

«Зейнепке» деген арнау түріндегі сатиралық өлеңнің нақтылы тарихы болуға тиіс. Ол кезде ескі салттың зыянын түсінген Шолпан сыяқты саналы әйелдер енді-енді ғана шығып келе жатты. Кейбір жас әйел-қыздар жаңалыққа тәп-тәуір бой ұрып, араласып жүріп, кейде ата-ана айналаның ықпалына түсіп, ескіліктің шырмауына қайта түскен. Соның бірі — Зейнеп. Ол Атбасар жағында Шолпанмен бірге өскен жас қыз болуға тиіс. Бірақ ол ақырында пассив мінезді, табансыз, саяси санасы жетілмеген қыз болып шығады. Зейнеп жаңалыққа зор қыянат жасап, 63 жастағы шалға тиген. Бұл Шолпандар ортасы үшін зор шығын ғана емес, өте ауыр соққы боп тиеді. Сол үшін қызу қанды, өр мінез Шолпан жолынан азған жас әйелді сатираның объектісі еткен. Бірақ бұл іс үшін ақын Зейнептің өз басын емес, айналасын кіналайды.

Арпалыстың, алыстың,
Бармаймын деп мен шалға.
Қарғыс алдың әкеңнен,
Сатылмаймын деп малға.
Ерік бермей анаңа,
Тіл тигіздің атаңа.
Сөйтіп еткен еңбегін,
Кектеніме далаға
Түспеймін деп тұзаққа,
Ұстатпадың, туладың,
Бір жауыздың малына,
Нағып бүйтіп уладың

Бұл «арпалысулардың» белгілі түрде қарсылық білдіру болатыны айқын. Бірақ, Зейнеп үшін сол «арпалысудың» өзі әкенің қарғысынан төмен боп шығады. Зейнеп өз правосын заң алдында қорғағуға бармайды. Сөйтіп екі қатын үстіне 63 жастағы шалға жем болады. Зейнептің бұл ісін көргенде, Шолпан сылап-сыйпауды қойып, оған ащы мазақ, сатира қолданады:

Тауып тиген жолдасың
Алпыс үште, — өзі шал.
Тым болмаса, жеке емес,
Екі қатын және бар.
Сезімді-ақ әйел сен едің,
Басқаға не кінә бар.
Көзі ашық деп сенуші ем,
Екен ғой теңің дүние-мал.
Малға неге сатасың,
Адамшылық арыңды.
Таңдап жүріп неше жыл,
Таптың жақсы-ақ жарыңды.
Есті, есті, бірақ сен,
Молда мен байдың алғысын.
Еңбекші тап естіртер,
Түкірген бетке қарғысын.
Үшінші тоқал атанып,
Тидің барып кәріге.
Лагнат айтар сыртыңнан,
Еңбекші әйел бәрі де (1925)

Бұл — Зейнеп сыяқты өмірдің шаңында кірленіп бара жатқан әйелдерді әділ, орынды сынау, түйреу.

Шолпан сатирасының бір көрнектісі — «Жәкен жаман сасады» дейтін өлең. Мұның төте тақырыбы — тап теңсіздігі, бай мен жалшы арасындағы праволық мәселе. Өлеңнің композициясы өте қызық, өткір. Оқыйға баяндаудан емес, бірден өткір тартыстан, сахналық суреттен басталады.

Төр алдында Жәкен тұрып,
Оттай ұйтқып соғады.
«Не боп қалды? Не боп қалды?»
Жұрт таңырқап толады.
Жалын шапып Жәкен сонда,

Әлеуметке бүй дейді:
— Мен құрыдым, мен суалдым,
Малшыларды жый, — дейді.

Байдың баласы да әкесінен жаман дауырығады:

Бір жағынан Қаймыл тұрып,
Өршеленді сөз бермей.
— Қаңғып жүрген Қойтан итті,
Жалдады ба көз көрмей.
Боран соғып, жылқы ығып,
Бет-бетімен кетіпті.
Малды тастап, басын қорғап,
Әзер үйге жетіпті, —

дейді ол.

Бұдан ары Жәкеңнің ашуы ұласа түседі.

Мұны естіп, сонда Жәкен,
Көзі жайнап қызарды:
— Шақыршы итті, шақыршы итті
Алайын деп ызамды.
Деді дағы қамшыны алды,
Ұрайын деп оңталып.

Байдың ашулы мінезін ажуалау үшін осы жерде ақын
оқыйғаны аз-кем баяулатып:

Біреу келіп сол минутте,
Қалды амалсыз тоқталып.
Кісі кетті — есі кетті,
Ашу кернеп Жәкеңді,
Қаймыл барып ызғарланып,
Қойтанды ертіп әкелді, —

дейді.

Осы жерде шебер психолог ақын бай мен Қойтанды
қарсыластыру үшін жалшының портретін береді:

Қойтан сорлы әзер тұрды,
Қалш-қалш етіп дірілдеп.
Далба-дұлба жыртық киім,
Көз жасаурап іріңдеп.

Бұл сурет сол кездегі қазақ жалшыларының бейнесін
дәл, жанды етіп көрсетеді.

Осыдан кейін ғана ақын Жәкеңнің ашуына қайта ора-
лады:

Тепкі астына алды Жәкен,
«Қайда бакқан малың?» деп.
«Оңбаған ит кім шақырды,
Кімнен артық жаның?» деп.
Қойтан жатты тепкі астында,
«Өлдім, ойбай, алла» лап.
Үйден біреу сүйреп шықты.
Бар киімін далбалап.

Бұл сюжеттік сатираның байланысы мен шарықтау шегі тез дамайды жылқының ықтап кетуі байланыс (себеп) болса, Қойтанның байдан таяқ жеуі — оқыйғаның шарықтау шегі, соның салдары. Бірақ осы «салдар» мал құмар байдың ызалы ашуымен ғана «дәлелденген». Іс жүзінде ол дәлел емес, зорлық, айуандық. Осы қайшылықты ақын өлеңнің шешуі арқылы тамаша түйген.

Сол минутте кез болды,
Милиция бір казак.
— Жалшылықтан — Қойтан сорлы,
Көрдім, — дейді — көп азап.
Оқыйғаның болған бәрін,
Бастан-аяқ сұрайды.
Бір жылы сөз естіген соң,
Қойтан зарлап жылайды.
Милиция ашуланып,
Байға карсы сөз айтты:
«Жалшыны езген жалмауыздар,
Күнің өткен» деп айтты.
«Ақысын бер казір түгел,
Алып кетем қалаға,
Жұмысыңды сот тексерер,
Қалмас бұл іс далада».

Ақын осы жерде байдың милиция сөзінен соңғы портретін өте орынды береді. Байдың ашуы енді күлкіге айналады:

Естіген соң мына сөзді,
Қаны беттен кашады.
«Сот тексерер» дегеннен соң,
«Жәкен жамап сасады» —

ден бітіреді Шолпан сатирасын. Өлеңнің соңғы шешуі — милицияның келуі, зорлық иесінің жазаға кіріптар болуы қойшы Қойтанның иесіз, правосыз емес екендігін білдіреді. Милиция — бұл жерде совет үкметінің уәкілі, жалшының қорғаны. Қазақ совет әдебиетінде милиция образын нағыз советтік, халықтық тұлғада көрсетуші акындарымыздың бір тұңғышы — Шолпан.

Әлігіде ғана байдан таяқ жеп, көзінен ірің ағып тұрған Қойтан да милиция алдында кенет өзгеріп, өсіп, рухтанып, өзінің правосын іздей бастайды.

Бұл — өлеңмен жазылған кішігірім комедия. Мектеп сахнасында да, театрда да рольге бөліп ойнап көрсетуге өте ыңғайлы, әсерлі нәрсе. Тартысы жанды, өткір, идеясы терең, образдары сара, айқын. Зорлық иесі, ұнамсыз образдар — Жәкең мен оның баласы — Қаймыл, қанаушы таптың адамдары. Ұнамды образдар — Қойтан мен милиция. Мұнда сол кездегі бай мен жалшылар арасындағы таптық, реалдық тартыстың, теңсіздіктің типтік көрінісі берілген, бір-біріне қарсыластырылған сурет, тенденциялар.

Бұл — Шолпан жасаған советтік сатираның тамаша үлгісі. Әрбір көрініс, сурет, мінез орнында, соншалық шыншыл, жанды. Мұндай түрді жасауда Шолпанның алдында өнеге бола қоймаған сыяқты, бәрі өмір шындығын дәл білуден туган акынның өз жаратындысы. Сатираның өмір көрінісіне, адам характеріне негізделген көркем түрін жасауда біздің жас акындарымыз Шолпаннан әлі де болса көп нәрсе үйренуге тиіс. Өйткені біздің қазіргі кейбір акындарымыз сатираны образ, характер, әрекет арқылы емес, жалған сиплогизм, саяси қорытынды, «уағыз» түрін-ерекшелігін жою болып табылады.

ШОЛПАНЫҢ ШЕБЕРЛІГІ

Біз жоғарыда Шолпан өлеңдерінің тақырыбы мен образдары арқылы оның поэзиясының идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін, акынның өмірге деген көзқарасын анықтадық. Шолпандағы бай, жаңа мазмұн, өмір көрінісін жаңаша түю, жыйнақтау сол кездегі болмыс пен революциялық идеяның ұштасуына итуған нәрсе. Қоғам өмірінде, халық санасында туган зор тарихи өзгерістер акынды да битарап, қалдырмай, соған үн қосуға, жаңа та-

қырып тауып, жаңа адам бейнесерін жасауда әсер еткен Шолпанның негізгі әдісі социалистік реализм болғандықтан ол өмірдің қайшылығын революциялық дамуда көрсетіп, тұлғасы, іс-әрекеті, мінезі айқындалған бірнеше типтік адам характерлерін жасайды. Шолпан образдарында екі түрлі ерекшелік бар сыяқты: өткенді, ескі ауылды көрсеткенде, ол түс-түгі белгілі, аты-жөні бар, көпке таныс, нақтылы, дара адам образдарын жасайды (Жәкен, Қаймыл, Қойтан, Зейнен). Жәкен мен Қойтанның табиғаты, әлеуметтік кескіні бірдей емес, бірақ екеуі де типтік тұлға. Мүдделері қайшы, екеуі — екі түрлі тенденцияда тұрған адамдар. Ал енді жаңа дүние адамдарын көрсеткенде, автор оларды Сәрсенбай, Бейсенбай немесе Иван Петрович деп атамай-ақ, жалпылай «жұмыскер», «жолтұшы», «әйел», «пионер» деп, коллективтік адам характерлерін жасайды. Дара көпшелеңген Өйткені, бұлар — бір ғана адам емес, көп адамдар, тұтас коллектив, оның халық адамдарының бейнесі, солардың уәкілі, жыйнақталған мінез. Бірақ осылардың да іс-әрекеті, орны, ой-сезімі сара болып көрінгендіктен, өзінше дараланған характерлер. Кейде, екі заманды қарсыластырғанда, автор бұлбұл, қарға, қоныр қаз, болмаса сусыз арал, жаз, шалқар қол, қызыл жел түріндегі символдық образдар да жасайды.

Адам характерлерін жасауда Шолпан — өзінше жол тапқан, новатор, шебер ақын. Ол тұтасты жетелей де, дараны жыйнақтай да біледі. Айтайын деген идеясына қарай, образдаудың да түрліше тәсілдерін қолданады. Өткінші, жеке, нәрсіз көріністердің тасасында қалмай, әрбір оқығанын, суреттің тартысты өзегін, ұйтымсын тауып, қоғам өмірінің сырын, философиясын ашып, дұрыс тенденция, дұрыс әдіс қолданады. Шолпандағы әрбір сурет, образ, ой өмірге мейлінше жақын, сол үшін қонымды, әсерлі өскелең. Шолпан жасаған образдар шынайы, реалды болып келеді.

Осымен байланысты Шолпан өлеңдерінің кейбір формалық ерекшеліктері мен шеберлік тәсілеттеріне де тоқталған жөн.

Тақырып тандау, образ жасаудағы Шолпан азаматтың новаторлығы оның жанр көзгеңдуге ерекшелігімен де байқалады. Оның өлеңдері көбіне өмір тақырыпта құрылған, кейде көп темалы саяси лирика. Ішкі ерекшелігі жағынан ол бірнеше лирикалық формада қалыптасқан.

деп бітіреді Шолпан сатирасын. Өлеңнің соңғы шешуі милицияның келуі, зорлық иесінің жазаға кіріптар болуы қойшы Қойтанның несіз, правосыз емес екендігін білдіреді. Милиция — бұл жерде совет үкметінің уәкілі, жалшының қорғаны. Қазақ совет әдебиетінде милиция образын нағыз советтік, халықтық тұлғада көрсетуші ақындарымыздың бір тұңғышы — Шолпан.

Әлігіде ғана байдан таяқ жеп, көзінен ірің ағып тұрған Қойтан да милиция алдында кенет өзгеріп, өсіп, рухтанып, өзінің правосын іздей бастайды.

Бұл — өлеңмен жазылған кішігірім комедия. Мектеп сахнасында да, театрда да рольге бөліп ойнап көрсетуге өте ыңғайлы, әсерлі нәрсе. Тартысы жанды, өткір, идеясы терең, образдары сара, айқын. Зорлық иесі, ұнамсыз образдар — Жәкең мен оның баласы — Қаймыл, қанаушы таптың адамдары. Ұнамды образдар — Қойтан мен милиция. Мұнда сол кездегі бай мен жалшылар арасындағы таптық, реалдық тартыстың, теңсіздіктің типтік көрінісі берілген, бір-біріне қарсыластырылған сурет, тенденциялар.

Бұл — Шолпан жасаған советтік сатираның тамаша үлгісі. Әрбір көрініс, сурет, мінез орнында, соншалық шыншыл, жанды. Мұндай түрді жасауда Шолпанның алдында өнеге бола қоймаған сыяқты, бәрі өмір шындығын дәл білуден туган ақынның өз жаратындысы. Сатираның өмір көрінісіне, адам характеріне негізделген көркем түрін жасауда біздің жас ақындарымыз Шолпаннан әлі де болса көп нәрсе үйренуге тиіс. Өйткені біздің қазіргі кейбір ақындарымыз сатираны образ, характер, әрекет арқылы емес, жалаң силлогизм, саяси қорытынды, «уағыз» түрін-ерекшелігін жою болып табылады.

ШОЛПАНЫҢ ШЕБЕРЛІГІ

Біз жоғарыда Шолпан өлеңдерінің тақырыбы мен образдары арқылы оның поэзиясының идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін, ақынның өмірге деген көзқарасын анықтадық. Шолпандағы бай, жаңа мазмұн, өмір көрінісін жаңаша түю, жыйнақтау сол кездегі болмыс пен революциялық идеяның ұштасуына итуған нәрсе. Қоғам өмірінде, халық санасында туган зор тарихи өзгерістер ақынды да битарап, қалдырмай, соған үн қосуға, жаңа та-

қырып тауып, жаңа адам бейнелерін жасауға әсер еткен. Шолпанның негізгі әдісі социалистік реализм болғандықтан ол өмірдің қайшылығын революциялық дамуда көрсетіп, тұлғасы, іс-әрекеті, мінезі айқындалған бірнеше типтік адам характерлерін жасайды. Шолпан образдарында екі түрлі ерекшелік бар сыяқты: өткенді, ескі ауылды көрсеткенде, ол түс-түгі белгілі, аты-жөні бар, көпке таныс, нақтылы, дара адам образдарын жасайды (Жәкең, Қаймыл, Қойтан, Зейнен). Жәкең мен Қойтанның табиғаты, әлеуметтік кескіні бірдей емес, бірақ екеуі де типтік тұлға. Мүдделері қайшы, екеуі — екі түрлі тенденцияда тұрған адамдар. Ал енді жаңа дүние адамдарын көрсеткенде, автор оларды Сәрсенбай, Бейсенбай немесе Иван Петрович деп атамай-ақ, жалпылай «жұмыскер, жолаушы, әйел, пионер» деп, коллективтік адам характерлерін жасайды. Дара көпшелеңген. Өйткені, бұлар — бір ғана адам емес, көп адамдар, тұтас коллектив, оянган халық адамдарының бейнесі, солардың уәкілі, жыйнақталған мінез. Бірақ осылардың да іс-әрекеті, орны, ой-сезімі сара болып көрінгендіктен, өзінше дараланған характерлер. Кейде, екі заманды қарсыластырғанда, автор бұлбұл, қарға, коңыр қаз, болмаса сусыз арал, жаз, шалқар көл, қызыл жел түріндегі символдық образдар да жасайды.

Адам характерлерін жасауда Шолпан — өзінше жол тапқан, новатор, шебер ақын. Ол тұтасты жекелей де, дараны жыйнақтай да біледі. Айтайын деген идеясына қарай, образдаудың да түрліше тәсілдерін қолданады. Өткінші, жеке, нәрсіз көріністердің тасасында қалмай, әрбір оқығаның, суреттің тартысты өзегін, ұйтқысын тауып, қоғам өмірінің сырын, философиясын ашып, дұрыс тенденция, дұрыс әдіс қолданады. Шолпандағы әрбір сурет, образ, ой өмірге мейлінше жақын, сол үшін конымды, әсерлі өскелең. Шолпан жасаған образдар шынайы, реалды болып келеді.

Осымен байланысты Шолпан өлеңдерінің кейбір формалық ерекшеліктері мен шеберлік қасиеттеріне де тоқталған жөн.

Тақырып таңдау, образ жасаудағы Шолпан ақының новаторлығы оның жанр қолданудағы ерекшелігінен де байқалады. Оның өлеңдері көбіне өткір тақырыпқа құрылған, кейде көп темалы саяси лирика. Ішкі ерекшелігі жағынан ол бірнеше лирикалық формада қалыптасқан.

Олар: а) символдауға құрылған саяси лирика («Қоңыр қаз», «Бұлбұл мен қарға»), б) драмалық-сахналық формаға құрылған саяси лирика («Жолаушы мен жұмыскер», «Жолаушы мен әйел»), в) элегиялық форма («Естірту», «Бүгінгі күн»), г) Арнау түріндегі лирика («Қазақ әйеліне», «Пионерге», «Жолдастарыма», «Апайға» т. б.), ж) Кейіпкерлердің өзін сөйлететін монологтік лирика («Жеттік міне», «Жалшы әйелдер аузынан»), д) сатиралық лирика («Зейнепке», «Жәкең жаман сасады»). Мұның бәрі де ауыз әдебиет емес, реалистік жазба әдебиетке тән, тыңнан жасалған жанрлар. Алдында үлгісі бола қоймаған Шолпанның мұшшалықты жаңа, тың лирикалық формалар жасауының бір себебі — соның бәрі де акын санасында туған жаңа идея, жаңа сезімдерді айтуға қажет болған. Шолпандағы түр мен мазмұн төтелей советтік өмір шындығынан туған.

Осындай сан алуан лирикалық формалар арқылы Шолпан өз поэзиясының образдау тәсілдерін байытқан, мазмұн мен түр бірлігін бір жерден шығарған. Мысалы, «Қоңыр қаз» лирикалық формада бола тұра мысал элементінен де құр емес. Мұндағы қаз бән арал, жаз бен қаз, сұңқар мен қазды мысалдық образ деп те, символдық образдау деп те алуға болады. Бірақ арал, жаз, көл бейнелері тұсында өлеңнің шендестіруге негізделген, реализм мен романтиканың ұштасуынан туған лириканың өзгеше бір түрі екені анықталады. «Қарға мен бұлбұл» да сондай, жалпы идеясы символдық формада түйілген. Қарға мен бұлбұл өздері айқын характерлерімен емес, шендестіру тұрғысында, «қызыл жел» бейнесін толықтыру планында берілген. Мұндай синкретикалық формалар бұрын Лермонтовтың романтикалық лирикасында молырақ ұшырайтын. Шолпанда мұны революция қажеті тудырған.

Сол сыяқты диалогқа құрылған сахналық лирика формалары да бұрын қазақ поэзиясында болған түр емес. Жалаң формасына қарап оны бұрынғы айтыс жанрымен шатастыруға да болмайды. Өйткені мұнда айтысушылар (автор) емес, геройлардың өздері сөйлейді. Акынның мұнысы — лирика жанрымен халық образын жасаудың тәсілі.

Шолпанда молырақ дамыған саяси лириканың бір түрі — арнау. Бұрынғы жазба әдебиетте ол көбіне акынның

субъектив сезімдерін суреттейтін түр болса, біздегі арнау — түрліше адамдарға арналып, объектив типтегі адам образдарын жасайтын, қоғамдық, өткір мәселеге арналған, көп тақырыпты, бір идеялы лирика түрі. Оның басты геройы да ақынның өзі емес, қалың көпшілік, халық. Лириканың бұл жаңа түрі совет поэзиясында мол дамыған. Шолпан сол жаңалыққа бас болды. Арнауда үгіт элементі де бар. Ол — әр ақында әртүрлі. Дарынсыз, риторик ақындарда арнау ұсақтап, фотографиялық суретке, проблемасыз, ешқандай адам бейнесі жоқ тіркемпаздық «өлең» түріне айналады. Бұл — канатсыз, натуралистік «лирика». Образ орнында эскиз, схема, мазмұн орнында силлогизм жүреді. Екінші біреулер тематикалық саяси лирикадан (соның бірі — арнау) ауытқып, «сезім лирикасымен» әуестеніп жүр. Мұның объектісі — айналадағы болмыс емес, ақынның ішкі сезімі, образдары да халық адамдары емес, ақынның өз басы. Бұл сарын соңғы жылдардағы А. Гурвич, А. Белик сыяқты рапшыл сыншылар концепциясымен байланысты идеалистік, субъективтік арнау. А. Гурвич өзінің «Ұнамды мінездің қуаты» деген мақаласында («Новый мир», 1951, № 9) эстетиканың объектісі айналадағы болмыс емес, ақынның «ішкі жан дүниесі» деп, олардан риторизмді ғана талап еткен. Бұл адам сезімін бояп, сырлап, лириканың табиғилығы мен шыншылдығын жою деген сөз еді. Ал Белик әдебиетте өмірден жоғары тұрған, мінсіз, «идеал» образ жасау керек деген (1950). «Правда» мұның екеуіне де қатты соққы берді. Үшінші біреулер өмірдің тұтас тұлғасын, ұйтқысын емес, тамшыдай ұсақ бөлшектерін ғана көреді. Шолпан өлеңдеріндегі арнауда бұл сыяқты ұсақтық кездеспейді. Оның арнаулары ойлы, сезімге де, шындыққа да толы. Әрбір тақырыпты қоғам өмірінің мол суретіне негіздеп, образ арқылы тақыйды. Сөйтіп, Шолпанда лириканың жанр байлығы мол. Ол — жаңа өмірдің қажетінен туған новаторлық формалар.

Шолпанның жалшыдан шыққаны, көп оқымағаны, көбіне қалада емес, ауылда өскені, жаңалықты кітаптан ғана емес, көбіне өмірдің өзінен оқығаны жұртқа мәлім. Осы белгілерге карағанда, Шолпан біздің әдебиетімізге ауыз әдебиетінен келген, халық ақындары стилімен жазған ақын болса керек еді. Бірақ, бір гажайып нәрсе сол, Шолпан поэзиясы түгелдей жазба әдебиет үлгісімен жа-

зылған да, лирикасы шеберліктің бір елеулі табысы болған. Шолпанда акындық өрнек мол. Ол казак совет әдебиетінің жаңа ғана туа бастаған кезінде поэзияның мазмұны мен түрін байытып, жаңалық ашты. Ол осыған қалай жетті, кімнен оқыды деген сауал туады. Шолпанның акындық мектебі жайындағы мәселе шешілмегендіктен, бұл сауалға жауап беру қиын. Назипа Шолпанды орысша білмеуші еді дейді. Өзгелер оның сауатын 1922 жылы ғана ашқызады. Бұл кезде оған совет поэзиясынан ұстаз бола қоярлық адам туа қойған еместі. Мұны қалай түсінеміз.

Біздіңше, жас кезінде Шолпанда зор импровизаторлық қабілет болған. Оның үстіне ол Бекейге бармастан бұрын, Иманбайдың тәрбиесінде жүргенде-ақ ептеп ескіше (арабша) хат таныған болуға тиіс. Егер бұл жорамал анықталса, Шолпан 1921 жылдан бұрын да көптеген қысқа, өлең кітаптар оқыған болады. Соның ішінде Абай, Ыбрай, Сұлтанмахмұт өлеңдерімен де таныс болса ғажайып емес. Мұндай кітаптар Назипада аз болмаған. Оның көбірек істес болғаны да сол Назипа. Шолпанның «Арыз», «Апайға» дейтін өлеңдері соған арналған. 1926 жылы жазған соңғы өлеңінде акын:

Бауырың халін, жан апатай,
Бұл хатымнан оқып біл.
Болады деп күні қандай,
Жалын сөзін құлаққа іл.
Біз бір тамшы шетте жүрген,
Сіздер — терең дария Ніл.
Бос қалмасын анық білген,
Мұның шақты зарлы тіл, —

деп онымен өзінің тілдес, ниеттес екендігін білдіреді. Біздіңше, сол Назипадан Шолпан 1922 жылдан бастап көптеген кітап оқып, жетпеген жерін «Еңбекші казак», «Жас қайрат», «Қызыл Қазақстан» сыяқты газет-журналдарды оқумен толықтырған. Қызыл отауларда түрліше көркем әдебиет үлгілері де аз болмаған. 1924 жылдан бастап ол орыс тілінен де хабардар болуға тиіс. Шолпанның негізгі мектебі — революция толқыны, жаңарған ауыл десек те, ол казак поэзиясының бұрынды-соңды жақсы үлгілерімен белгілі түрде таныс болған. Соның бірі — Абай мұрасы.

Шолпанның Абайдан оқығандығының бір айғағы оның өлеңдерінің құрылысы мен техника шеберлігінен де байқалады. Мысалы, оның:

Үлгілі сөз (4),
Бола ма кез (4),
Оқып, біліп жазбаса (7),
Алтын мен жез (4),
Алынбас тез (4),
Еңбектеніп қазбаса (7),
Тіліңнен шығар (4),
Басқалар ұғар (4),
Көңілдің шерін қозғаса (7),

деген өрнегі Абайдың «Тайға міндік, тойға шаптық» дейтін өлеңнің ұйқасы мен сарындас, бір. Бұл — жазба әдебиеттік түр (ааб, ааб).

Мұндай өлшеу, ұйқас, форма новаторлығы Шолпанда көп. Мысалы, оның «Апайға» деген өлеңі Абай аударған «Татьяна хаттарының» өлшеуімен шалыс (крест) ұйқасқа негізделіп жазылған:

Мезгіл жетпей ерте сөнбек (а),
Саядағы қызыл гүл (б),
Қанша тұрып, қашан өлмек (а),
Жараланған жас бұлбұл (б),
Мұнды зарым кім естімек (8),
Зарласа да талай жыл (7),
Қасіретті қанды жүрек (8),
Жан іздейді жәрдемшіл (7).

Ол кезде мұндай шалыс ұйқасты тек Абайдан ғана табуға болатын. Мұның екеуін де ауыз әдебиет үлгісі деп ешкім айта алмаса керек.

Сыртынан карағанда, ақынның ең алғаш жазған «Қоңыр қаз» деген өлеңі ғана жыр өлшеуімен жазылып, шұбыртпалы ұйқасқа құрылған сыяқты. Мұндай еркін ұйқастың ауыз әдебиетіне тән екені рас. Бірақ өзінің символдауға негізделген революциялық рухы, жанры, образы, жағынан бу да тек жазба әдебиетте ғана болатын түр.

Сол сыяқты Шолпанның «Естірту», «Жеттік міне» деген өлеңдері де Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» дейтін өлеңінің өлшеуімен жазылған:

- (7) Теңдік алып қуанып (а),
- (7) Жас батадай уанып (а)
- (7) Кел майданға шығалық (б)
- (7) Қолға Қызыл ту алып (а).

Осы түрге Шолпанның қосқан бір жаңалығы әрбір шумақтың алдыңғы 3 жолын бір, 4-жолдарын бір бөлек ұйқастырады. Мысалы, «Жеттік міне» деген өлеңнің әрбір шумағының төртінші жолындағы «Толды деген осы да, теңелді деген осы да» дейтін ұйқастар бірнеше рет қайталанатын.

Осы қайталау тәсілі Шолпанның «Октябрь күні» деген өлеңінде де кездеседі.

- Қалың нашар ұран салып (а)
- Қолға қызыл туын алып (б)
- Қараңғыны қылған жарық (а),
- Қамбатты күн — Октябрь (б).

Осындағы соңғы жол өлеңде 8 рет қайталанған. Өлшеуі 8—8—8—7 буын.

Шолпанда әр жолы 8 буынға бітіп, қара өлең ұйқасымен жазылған өлеңдер де бар:

- Қолына қызыл ту алған (а),
 - Жайрандап мұнша қуанған (а),
 - Қазактың ыңғи әйелі (б),
 - Ұрандасқан, ұанған (а).
- «Жолаушы мен әйел»).

Дәл осы өлеңдегі жолаушыға берген әйел жауабын Шолпан екі түрлі ұйқаспен берген. Бірінде шалыс ұйқас қолданса, екінші жерінде өлеңнің өлшеуін 7—7—8, 7—7—8 буынға құрып, ааб, ааб өрнеген жасайды. Мысалы:

- Туын алып қолына,
- Жалпы әйелдер тобына,
- Шаттанып ұран салған күн.
- Көздің жасы тыйылып,
- Ұрандасып, жыйылып,
- Бостандық туын алған күн.

Сонда бір өлеңнің өзінде 8—8—8—7, 7—7—7—8 өлшеулері бар да, ұйқасы ааб, абсб, ааб, ааб болып келеді. Форманы форма үшін емес, мазмұн, ой үшін қолданған Шолпан поэзиясы үшін бұл оғаш емес. Шолпандағы

мұндай өлшеу, ұйқас алашұбарлығы оның мәдениетсіздігінің белгісі емес, форманы мазмұнға бағындырғандығының айғағы. Оны автор геройларды сөйлеткен жерде әдейі қолданған. Мысалы, «Жолаушы мен әйел» сұрау-жауап түрінде монологқа құрылған өлең дедік. Осыған сәйкес акын жолаушының сауалын бір түрлі ұйқаспен, әйелдің жауабын екінші түрлі ұйқаспен берген.

Қысқа буынды өлеңдер сыяқты Шолпан кара өлеңді де екі түрлі формада қолданған. Аса маңызды, ерекше әсері бар өлеңдерді аяғы так буынға бітетін ІІ буынды «түрікпен күйі» ұйқасымен жазған. («Жолаушы мен жұмыскер», «Қалима жолдасқа», «Жалшы-әйелдер аузынан»).

Ұрандаған (4) Ленин атты (4) бабамыз (3).

Сонына ерген (4) ортақшыл тап (4) — ағамыз (3).

Кедей мұны (4) жалшы жоғын (4) жоқтаған (3).

Кемдік көрсек (4) советке кеп (4) шағамыз (3).

Бұл — аяғы 2,4 буынға (жұпқа) бітетін ІІ буынды кара өлеңге карағанда мелодиялы. Мұнда өлеңнің барлық бунактары біркелкі, екпін де мағна ілгері қарай үздіксіз зымырап жылысып жатқандай.

Ал «Бүгінгі күн», «Октябрь мейрамына», «Қазақ әйеліне», «Өлкелік әйелдер курсынан» деген сыяқты өлеңдер бунактары теңдей (344) жұп буындык кара өлең ұйқасымен берілген:

Құлақ сал (3) Балмағамбет (4) бауырласым (4).

Бұл күнде (3) мұндай күйге (4) түсті басым (4).

Қара жер (3) алдыңда алса (4) арманым жок (4).

Өзінің (3) ұзақ болсын (4) өмір жасың (4).

(«Баймағамбетке»).

Бұл өлшеулердің бәрі де келісімді, мағналы, көбі жана. Шолпан поэзияны мелодияға, ырғаққа, музыкаға құрады. Онда музыкадан жұрдай ұйқас, өлшеу жок. Сана-сы оянған оқушыға сүйенген Шолпан өлеңнің такырыбы мен образдарын жанартумен бірге, оның жанры мен өлшеу-ұйқасын да жанартқан, байытқан.

Шолпанның лексикасында да ескінің күйреп, жаңанын жасалуынан туған жаңа немесе жаңартқан сөздер көп.

Мағнасы әлеуметтік арнада шендестірілген «қарғалар», «жауыздар», «арам тамақ залымдар», «қара жүрек» деген сыяқты метафоралық эпитеттер мен «қалың нашар», «көп мұнды», «ортақшыл тап» деген сыяқты өрнектердің мәнін жоғарыда аздан айттық. «Жол» деген сөзді ол «идея, азаттық» деген ұғымда қолданады. «Күн» дегеннің мағнасы да сондай жаңа, Ленин өлген күн дағдылы күн емес, «жарлы табының жараланған», қызыл тудың қарланған, еңбекші ел жүрегінің параланған күні» болып жаңартылады. Сонымен бірге ол «жыйналып жұмыскерлер топтанған күн», яғни Ленин идеясымен ісіне берік болуға аңг берген, бірлескен күн болып шығады. «Ол күнде», «бұл күнде» деген сөздер «заман» мағнасында қолданылған. Сол екі заман айырмасын суреттегенде, акын бір жағынан «тар дүние, тар өткел, шерлі көңіл, қайрылған канат, жанған жүрек, құрған тор, езілген уақ ұлт, тізесі өткен жуандар, қара тастай, үш жүз жылдай» деген сыяқты эпитет, теңеу, метафоралар тасқынын тудырса, екінші жағынан, совет заманын суреттегенде «тура жол, жаңалық тұрмыс, мәңгілік кеңес, бостандық туы, теңдік таны, көңілге шаттық енген күн, қымбатты күн — Октябрь, жаужүрек ер, бұл батырлар, ер большевик, асқан алып, данышпан, ер қара қылды қық жарғандай, таза жүрек, адал ниет сырласым, мұңдасым» деген сыяқты мағнасы да, қызметі де жаңарған троптық өрнектер қолданған, осының бәрі жаңа идеяны айтуға өте қажет болған. Мұның біразын біз жоғарыда айтқан едік.

Шөлпанда сын есімге емес, қыймыл-әрекетке (етістікке) байланысты, жандандырылған күрделі метафоралық эпитеттер көбірек кездеседі. Ол адамның портретін емес, заманның айырмасын білдіреді. Әрбір сурет, мінез поэтикалық тіл арқылы шендестірілген. Мысалы, «Қараңғыны жарық қылған Октябрь» (бостандық мағнасында), «Талай қамқор қанын төккен, құрбанды күн — Октябрь» (революция мағнасында), «Жауыздарды жылатқан, мәңгілік кеңес орнатқан Ленин» (халықтардың көсемі, совет үкметі мағнасында) деген шендестірілген метафоралық эпитеттер болмыстың қайшылығын ашып, екі заманның да, таптар тартысының мәнін де мейлінше терең танытады. Бұл — тілдегі, поэтикадағы новаторлық қана емес, шеберлік.

Шендестіру мен жандандыру — Шолпан метафораларының бір басты ерекшелігі. «Октябрь күні» деген өлеңінде ол сол Октябрь революциясының өзін де жандандырған:

Арпалысқан залымдармен,
Теңдік бізге алып берген.
Талай жалшы соңына ерген,
Жолбасшы күн — Октябрь.

Мұнда «Октябрь» жанданған образ, символдық мәні бар тұлға. Сол сыяқты Шолпанда қараңғы мен жарық, жауыздық пен әділдік, түн мен күн, тар заман мен бостандық заманы қарсыластырылған. Екі заманды қарсыластыру Шолпанда тек тақырыптық, образдық планда емес, лексикалық, ақындық тіл, поэтикалық синтаксистен де орын алған. Бұл тамаша қасиет Шолпанның кішігірім көрініс болмағандығын, өзінің өнеріне, еңбегіне зор талап қоя білгендігін дәлеледейді.

Шолпан өлеңдерінің тағы бір ерекшелігі — оның тілінде қаратпалы сөйлемдердің мол ұшырауы:

Еңбекші елдің ұланы,
Кеңестің ерке бұланы.
Жеткіншегі кедейдің
Тегіс жаса пионер! («Пионерге»).

Ленин салған тура жолға,
Сен де кадам бас, інім. («Жас інім»).

Екінің бірінде Шолпанда ұранды сөйлемдер де жиі кездеседі:

Жер жүзінде кедейге
Жаса, қызыл Октябрь.
Әлемге айқындалып қызыл туы,
Жасасын жер жүзінің жұмыскері.
Мәңгі жаса, кеңес пенен ортақшыл,
Еркіндікке жалшы әйелін жеткізген.

Мұндай синтаксистік формалардың Шолпан поэзиясындағы үгіт элементінен хабар беретінінде дау жоқ. Қазіргі поэзиямыздан мұндай өрнектер кездесе де қоймайды. Бірақ революцияның казак даласымен жаңа гана бірлесіп жатқан кезінде жаңаның мәнін жеткізу, халықты партия маңына ұйымдастыру, оларды совет рухында тәрбиелеу үшін мұндай «үндеулердің» қажеті де болған. Бұл

Шолпан поэзиясының бояусыз, пафостық рухынан хабар береді. Бұл — силлогизмге құрылған «уағыз, үгіт» қана емес, Шолпан поэзиясының «өмір кітабына» айналған өткірлігінің, оның жауынгерлік рухының, шыншылдығы мен өмір сүйгіштігінің белгісі. Сол үшін тәрбиелік, көркемдік мәні әлі де болса зор.

Шолпанның ақындық тәсілдерінің бірі — тарихи салыстыру. Қызметі ұқсас болса да тілдегі шендестіруден мұның шеңбері кең. Салыстыру мен шендестіру — Шолпан лирикасының өзекті қайшылыққа, тартысқа (конфликтіге) құрылғандығының, ондағы суреттердің тиімділігінің белгісі. Тартыс-тенденция элементі Шолпанның көптеген өлеңдерінен табылады. Автор екінің бірінде екі заманды, ескі мен жаңаны нақтылы көріністер арқылы қарсыластырады. Осы тарихи тәсілдің мәні неде? Марксизмнің үйретуінше, таптық қоғамдағы адам баласының тарихы белгілі бір қайшылықтардың бірлігімен дамыйды. Тап күресі, формациялардың ауысуы, ескі мен жаңаның тартысы — сол дамудың белгілері. Әр себепке бір салдар. Шолпан үшін қазақ даласындағы бұрынғы таптық қанау, патшаның отаршылдық саясаты — «себеп» болса, сол әділетсіздікті жойған Октябрь революциясы — «салдар», ал советтік құрылыс, жаңа өмір сол қайшылықтың революциялық жолмен шешілуі болады. Шолпанның поэзиясы осындай терең логикаға құрылып, халық көпшілігінің ой-санасы, арман-тілегінің жыйынтығы болған. Осы күресте ол бар даусымен жаңаның жағында болды. Сол үшін Шолпан жыры революциялық сананың, бостандықтың жыры болды.

Осымен байланысты лирикадағы «конфликтсіздік» теориясы туралы бірер сөз айту керек.

Біздің қазіргі кейбір ақындарымыз біздегі антогонистік таптардың ыдырауын адам санасындағы феодализммен капитализм сарқыншақтарының да ізім-қайым (автоматически) жойылғандығының белгісі деп біліп, конфликтсіз (тартыссыз) лирика, тек «идеал» образ, идиллиялық суреттер жасаумен ғана шұғылданады. Ондай лирикада адам образы болмайды. Бұл реализмге жат. Өйткені адамсыз, олардың қарым-қатынасысыз жақсыны да, жаманды да шенеп көрсетуге болмайды. Тарихи салыстыру Жамбылдан басқа ақындарымызда сирек ұшырайды. Кейбіреулер Октябрь дәуірі ұзақта қалды, қанаушы таптар енді жоқ, өткенді айтып, салыстыру жасаудың не

кажеті бар деп ойлайды. Екіншілері «салыстыру» жасау оқымаған, карапайым акындардың ғана тәсілі деп біледі. Мұның бәрі, әрине, жолсыз. Олай болатыны екі лагерь, екі системаның тартысы әлі біткен жоқ. Оның үстіне біздің адамдарымыз арасында еңбекке, социалистік меншікке жұлғыштарша қарайтын, ескілік салтынан айықпаған, карьерист, төрешілдер, сәудегерлер, форма, машық куып, тек сыртымен ғана көрінгісі келетіндер, қолынан келмейтін іске ұмтылып, ешнәрсені ұқсатпайтындар, начетчиктер, арыз жазғыштар, пәле-жалаға жақын қонатын қаны ашы адамдар жоқ емес. Ленин социалистік қоғамда күрес буржуалармен емес, соның түсін бояған нәсілдері — жулик (алаяк), кулармен болады, олар социализмнің денесіндегі паразит элементтер деген. Мұндай элементтер бізде бар. Олай болса, лирикада тарихи салыстыру қолдануға да, ұнамды, ұнамсыз мінездерді қарсыластырып, өленді өзекті тартысқа құруға да жағдай бар. Бұл жөненен Шолпанның қарсыластыру тәсілінің пайдасы жоқ емес. Тартыс элементі сатиралық формалар үшін ғана емес, лириканың дағдылы, реалистік түрлері үшін де қажетті нәрсе.

* *

*

Қорыта келгенде айтарымыз: Шолпанның жазғандары аз болса да, совет әдебиетінің жасалу, қалыптасу жолында қызметі, орны бар акын. Оның поэзиясынан Қазақстандағы советтік құрылыстың алғашқы кезеңі, НЭП дәуіріндегі қазақ ауылының өмір шындығы мен оянған революциялық ой-санасының бейнесі көрінеді. Ол поэзияның саяси-тәрбиелік мәнін дұрыс түсініп, оны жаңалықтың, советтік социалистік ой-сананың жауынгер туы ете білді, революция жемісі үшін тынбай дабыл қаққан үлкен дауысты, ұраншыл, өміршіл акын болды. Оның өлеңдерінің басты тақырыбы — революция, Маркс — Ленин идеясы, бұрынғы бұратана ұлттарға, олардың еңбекшілеріне совет үкметі берген бостандық, теңдік ұраны, ұлттар достығы идеясы.

Шолпан өзінің өткір, идеялы, шыншыл лирикасы арқылы жаңа совет адамдарының образын жасайды. Ол адамдар халықтан, еңбекшілер ортасынан алынған. Солардың орталығында Ленин образы, коммунистік партия-

мен совет үкметінің бейнесі тұрады. Совет үкметін ол «қызыл күн» деп атайды.

Шолпан поэзиясы социалистік реализм әдісімен жазылған. Ол өмірдің ұсақ, өткінші суреттерін емес, ең маңызды, типтік көріністерін көркем тәсілмен түйіп жырлайды. Тарихи салыстыру, образдарды қарсыластыру арқылы екі заманды, қазақ даласының өткені мен бүгінін шендестіре жырлайды. Шолпанда жалғандық, сұрықсыздық, фотография жоқ. Әрбір лирикасын адамдардың қарым-қатынасына, тартысқа құрады.

Шолпан өлеңдерінің түр байлығы, тіл шеберлігі — өзінше бір өрнек. Оның өлеңдері тақырып, образ, жанр, тіл, өлшеу-ұйқасы жағынан бірдей жаңа поэзия болды.

Өзінің өткір мазмұны, көркемдік сапасымен оның өлеңдері өз кезінде Чернышевский айтқандай, нағыз «өмір оқулығы» болды да, қазақ халқын совет идеясына жетілдірді. Оларды коммунизм рухында тәрбиелеудің зор құралы болды.

Шолпанда «үгіт» элементі де бар. Бірақ бұл оның поэзиясының кемшілігі емес, қажетті бір элементі, табысы. Өйткені Шолпан силлогизмнің ақыны немесе дайын фактілерді тіркеуші ғана емес, жаңаны жасаушы, үндеуші ақын. Оның поэзиясы халық бойында пайда болған ұлы өзгерістердің қуанышты үні болды. Сондықтан Шолпан өлеңдерінің әдеби — тәрбиелік мәні ескірмейді.

Бұл очеркте біз Шолпанның мұрасын ғылыми-теориялық тұрғыдан терең зерттеуді мақсат еткеніміз жоқ. Тек жұртшылықты оның өмірі, творчествосымен таныстыра түсуді ғана көздедік. Ақынның өмірбаянын, еңбектерін түгелдеп, оны терең жанжақты зерттеу — келешектің міндеті.

Шолпан мұрасын меңгеру жөніндегі тәжірибелік ұсыныстарға келсек, оның поэзиясы қазақ әдебиеті тарихынан өзінің тиісті орнын алуы қажет. Советтік Қазақстан өмірінің алғашқы кезеңін таныту ретінен Шолпан лирикасы орталау және орта мектеп хрестоматияларына да мол енгізілуге тиіс. Өйткені белгілі дәуірдің суретін беретін талантты ақын Шолпан өлеңдерінің тематикасы, тілі, тәрбиелік мәні жастар психологиясына өте-мөте қонымды тартымды.



Түзету

Беті	Жолы	Басылғаны	Дұрысы
6	Жоғарыдан 18 - жол	ағымында	адымында
9	Жоғарыдан 21—жол	Бастак	Батрак
14	Жоғарыдан 20—жол	араз	арыз
20	Төменнен 2—жол	халы	қалың
21	Жоғарыдан 20—жол	социолоция	социология
21	Төменнен 17—жол	нигилмизмге	нигилизмге
23	Жоғарыдан 11 - жол	пе ной-се	пен ой - се
33	Төменнен 8—жол	ве	не
36	Төменнен 5—жол	тартыса	Тартысы
40	Төменнен 7—жол	адамданының	адамдарының
55	Төменнен 10 - жол	такыйды	токийды
60	Жоғарыдан 9—жол	карланған	қараланған
52	Төменнен 11-12—жол	емес, жалаң силлогизм, саяси қорытынды, „уағыз“ түрін ерекшелігін жою болып табылады.	емес, жалаң силлогизм, саяси қорытынды, „уағыз“ түрінде жасап жүр. Бұл көркемдік тәсілді елемеу болып табылады.

